



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2026 жылғы 1-тоқсандағы

Шілде 2026

Бұл жарияланымды Төлем балансы департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні – 30 маусым 2026 жыл.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы департаментінен төменгі мекен-жайдан алуға болады: мекен-жайы: Z00A9G3, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 64 ғимараты телефондары: 8 (717) 277-55-23 (төлем балансы), 8 (727) 277-55-29 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш) электрондық пошта: Akbota.Mukhamediyeva@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

МАЗМҰНЫ

СЫРТҚЫ СЕКТОР СТАТИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ.....	4
I ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ.....	5
II ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ БОРЫШЫ.....	8
III ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОЗИЦИЯСЫ.....	10
I Төлем балансына қосымшалар:	
I.1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	12
I.2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: абсолютті және салыстырмалы параметрлері.....	14
I.3. Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы.....	16
I.4. Ресми статистика деректері бойынша Қазақстан Республикасының экспорты мен импортының құрылымы	17
I.5. Кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы	18
I.6. Жеке трансферттер (резидент-жеке тұлғалардың өтеусіз ақша аударымдары)	21
II Сыртқы борышқа қосымшалар:	
II.1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	22
II.2. Сыртқы борыштың абсолютті және салыстырмалы параметрлері	24
II.3. Сыртқы борыштың жай-күйі: валюта түрлері бойынша сыртқы борыш.....	26
II.4. Резиденттер шығарған жән бейрезиденттерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша.....	27
II.5. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы.....	28
II.6. Кредиторлар мен қарыз алушылардың секторлары бойынша сыртқы борыш	29
II.7. Сыйақы мөлшерлемелері түрлері бойынша сыртқы борыш.....	30
II.8. Сыртқы борыштың жай-күйі: Ағындар мен қорларды келістіру.....	31
III Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:	
III.1. . Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандарттық ұсыным.....	32
III.2. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы.....	38
III.3. Елдер бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы.....	41

IV-қосымша. Статистикалық әдіснама


IV.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме.....	47
IV.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы.....	53
IV.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері.....	60
IV.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамаға көшуі туралы.....	65
IV.5. Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	67

СЫРТҚЫ СЕКТОР СТАТИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

2026 жылғы I тоқсан


Ағымдағы операциялар шоты

(-) \$2,0 млрд.




Сауда балансы

\$4,1 млрд.




Қызметтер балансы

(-) \$0,2 млрд.




Кірістер балансы

(-) \$5,9 млрд.




Қаржылық шот

(РА қоспағанда) әкетілу
(+) \$0,8 млрд.




Жалпы халықаралық резервтер

\$66,8 млрд.




Сыртқы борыш

\$182,8 млрд.



Халықаралық инвестициялық позиция


(-) \$38,7 млрд.



Тікелей шетелдік


инвестициялардың жалпы әкелінуі

\$6,3 млрд.



I ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Ағымдағы шот 2025 жылғы 1-тоқсандағы 1,0 млрд. АҚШ долларымен (бұдан әрі – доллар) немесе ЖІӨ-ден 1,7%-бен салыстырғанда 2026 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша 2,0 млрд. доллар немесе ЖІӨ-ден 2,9% көлемінде **тапшылықпен** қалыптасты (1-қосымша). Ағымдағы шот тапшылығының біршама ұлғаюына импорттың өсуі салдарынан сауда балансы профицитінің төмендеуі ықпал етті (1-график).



ТБ бойынша тауарлар экспорты негізінен түсті металдар мен олардың кенін, уранды, сондай-ақ дәнді-дақылдарды жеткізудің өсуі есебінен 19,3 млрд.долларға дейін 5%-ға (ж/ж) ұлғайды.

Түсті металдар экспортының ұлғаюы геосаяси тәуекелдердің өршуі аясында негізгі тұтынушылар тарапынан жоғары сұраныс салдарынан әлемдегі бағаның өсуіне байланысты болды. Атап айтқанда, мысты негізінен Түркияға, Қытайға және Ұлыбританияға жеткізу 1,5 есеге өсіп, 1,4 млрд. долларға жетті.

Уран экспорты 232 млн. долларға дейін 3,2 есе ұлғайды (2025 жылғы 1-тоқсандағы төмен база әсері). Уранды сату көлемі нақты жеткізу кестесіне және клиенттердің сұраныстарына байланысты, осының салдарынан тоқсаннан тоқсанға қарай айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Бұл ретте төлем балансының әдіснамасы бойынша мұнай экспортының 12,6%-ға немесе 1,4 млрд. долларға қысқарғаны байқалды, бұл КҚК мен Теңіз кен орнындағы оқыс оқиғалар салдарынан нақты жеткізілімдердің 22%-ға немесе 4,4 млн. тоннаға төмендеуіне байланысты болды. Жеткізілімдердің нақты көлемінің төмендеуінің теріс әсері мұнайдың әлемдік бағасының өсуі арқылы ішінара өтелді, олардың орташа деңгейі 80,2 долларға/баррельге дейін 5,8%-ға ұлғайды.


Астық экспорты маркетингтік 2025/2026 жылдары астықты тасымалдаудың рекордтық көлеміне байланысты шамамен үштен бірге немесе 143,7 млн. долларға өсті. Қазақстан астығының негізгі сатып алушылары – Өзбекстан, Тәжікстан және Ауғанстан.

ТБ бойынша тауарлар импорты 15,2 млрд. долларға дейін 12%-ға (ж/ж) өсті. Импорттың өсуіне аралық тауарларды (21,7%-ға немесе 1,3 млрд. долларға), өндіріс құралдарын (19,0%-ға немесе 532,3 млн. долларға), сондай-ақ азық-түлік тауарларын (3,3%-ға немесе 41,0 млн. долларға) сатып алу негіз болды. Импорттың сақталып отырған көлемі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру қажеттілігімен түсіндіріледі.

Жеке тұлғалар шетелдік Интернет-дүкендерден сатып алған тауарлар көлемі 285 млн. долларға дейін 20%-ға төмендеді, бұл азық-түлікке жатпайтын тауарлар импортының (9,6%-ға немесе 301,3 млн. долларға) жалпы төмендеу үрдісін көрсетеді. Төмендеу автомобильдер, кондиционерлер, темекі өнімдері, киім және аяқ киім сияқты тауарлардан көрінді.

ЕО елдері (жалпы тауар айналымынан 28%), Қытай (24%) және Ресей (19%) Қазақстанның негізгі сауда әріптестері болып қалады.

Сауда балансының профициті 2026 жылғы 1-тоқсанда 15,7%-ға (ж/ж) қысқарып, 4,1 млрд. доллар болды (2-график).



Халықаралық қызметтер балансының тапшылығы 0,2 млрд. долларға дейін 34,5%-ға (ж/ж) айтарлықтай төмендеді. Бұл қызметтер импортымен салыстырғанда қызметтер экспортының жоғары өсу қарқынына байланысты (1-кесте).

Қызметтер экспорты 3,1 млрд. долларға дейін 14,1%-ға (ж/ж) ұлғайды. Қызметтер экспортының оң динамикасы көлік қызметтері мен шекара маңындағы елдерден жеке сапарлардың артуымен қамтамасыз етілген. Көлік қызметтері дайын тауарлар экспортының ұлғаюына және Қазақстанның транзиттік әлеуетінің біртіндеп кеңеюіне байланысты жүк тасымалдары көлемінің артуы есебінен 1,6 млрд. долларға дейін 20,7%-ға (ж/ж) өсті. Бейрезиденттердің Қазақстанға сапары негізінен Қытайдан, кейбір Азия елдерінен және Еуропадан келген шетелдіктер санының өсуі есебінен 559 млн. долларға дейін 10%-ға ұлғайды. Бұдан басқа, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер 85 млн. долларға дейін 58%-ға өсті. Телекоммуникациялық және IT қызметтері бойынша жылдық мәнде (279 млн. дейін 3,4%-ға) біршама төмендеу байқалды, бұл биткоин бағасының төмендеуі нәтижесінде криптоактивтер майнингі бойынша қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты болды.


Қызметтер импорты 3,3 млрд. долларға дейін 8,8%-ға (ж/ж) өсті. Өсім тауарлар импортының өсуіне байланысты көлік (фрахт) қызметтерінің 956 млн. долларға дейін 24,8%-ға өсуіне байланысты. Экономиканың мұнай-газ, өнеркәсіп және инфрақұрылымдық секторларында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде шетелдік инженерлік, техникалық және консультациялық қызметтерді тарту аясында іскерлік қызметтер импорты шамамен 16%-ға өсті. Сапар бабы бойынша негізінен резиденттердің жеке мақсаттағы сапарлары шығысының қысқаруы есебінен 797 млн. долларға дейін 10%-ға төмендеу байқалды.

2026 жылғы 1-тоқсанда тікелей шетелдік инвесторларға төленетін кірістің өсуі, сондай-ақ портфель инвестициялары бойынша есептелген пайыздардың ұлғаюы салдарынан **кіріс балансының** тапшылығы 5,9 млрд. долларға дейін 5,8%-ға (ж/ж) ұлғайды, бұл резиденттер шығарған бағалы қағаздарға бейрезиденттер салған салымдардың өсуіне байланысты болды.

Қаржы шотында (резервтік активтерді есепке алмағанда) әкетілу 2025 жылғы 1 тоқсандағы деңгейде сақталып, 0,8 млрд. доллар көлемінде қалыптасты. Капиталдың әкелінуі сыртқы қарыздарды тарту нәтижесінде банк секторы бойынша ғана байқалды.

Инвестициялау құралдарының түрлері бойынша капиталдың таза әкетілуі басқа секторлардың операциялары бойынша сыртқы активтердің өсуі нәтижесінде портфельдік инвестициялар бойынша (770 млн. долл.) байқалды. Басқа инвестициялар бойынша да (554 млн. долл.) әкетілу байқалды, бұл қысқа мерзімді борыштық құралдарға салымдардың артуына байланысты болды. Капитал ағыны сыртқы активтердің төмендеуі есебінен 499 млн. доллар мөлшерінде тікелей инвестициялар бойынша қалыптасты.


3-график. Инвестициялау құралдары бойынша қаржы шотының құрылымы (млрд. доллар)



Ескертпе. Қаржы шотында «-» («+») әкелінуді (әкетілуді) білдіреді.

Қаржы шотының **секторлық** бөлінуінде капиталдың әкетілуі резиденттердің бағалы қағаздар портфелінің ұлғаюы, сондай-ақ сауда кредиттері, қарыздар және өзге де дебиторлық берешек бойынша бейрезиденттерге қойылатын талаптардың өсуі салдарынан 826 млн. доллар мөлшерінде экономиканың басқа секторларының операцияларымен қамтамасыз етілгені көрінеді. Мемлекеттік сектор бойынша ҚР Қаржыминінің бұрын тартылған қарыздарын өтеу бойынша операцияларға байланысты әкетілу байқалды. Банк секторы бейрезиденттерден қарыздар тарту нәтижесінде капиталдың әкелінуін қамтамасыз етті. (4-график).

4-график. Экономика секторлары бойынша қаржы шотының құрылымы (млрд. доллар)



Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есепке алмағанда) 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 66,8 млрд. долларға бағаланды, бұл Қазақстанның тауарлар мен қызметтер импортының **9,8 айын** қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

II ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ БОРЫШЫ**2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша**

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 1 сәуірдегі **сыртқы борышы** 182,8 млрд. долларды құрады, оның 10,4%-ын немесе 18,9 млрд. долларын мемлекеттік сектордың сыртқы борышы, 10,5%-ын немесе 19,2 млрд. долларын «Банк» секторының сыртқы борышы, 31,4%-ын немесе 57,3 млрд. долларын тікелей инвестициялармен байланысты емес «Басқа сектордың» берешегі, 47,8%-ын немесе 87,4 млрд. долларын осы сектордың фирмааралық берешегі құрайды (5-график).



Мемлекеттік сыртқы борыш жыл басынан бері 0,3 млрд. долларға ұлғайып, 18,9 млрд. долларды құрады. Мемлекеттік сектордың сыртқы борышының өсуі ҚР Үкіметінің міндеттемелерінің 0,5 млрд. долларға ұлғаюымен байланысты, бұл бейрезиденттердің қолындағы теңгелік МБҚ-ның құндық өзгерістер есебінен болды. ҚРҰБ-нің сыртқы міндеттемелері ҚРҰБ-дегі бейрезиденттердің шоттарындағы қаражаттың қысқаруы есебінен 0,2 млрд. долларға төмендеді.

Мемлекет бақылайтын ұйымдардың (мемлекеттік сектор капиталға қатысудың 50%-дан астамын тікелей немесе жанама иеленетін банктер мен ұйымдар) сыртқы борышы 2026 жылғы 1 сәуірде жыл басынан бері 0,5 млрд. долларға ұлғайып, 25,7 млрд. долларды құрады.

Банк секторының сыртқы міндеттемелері 0,9 млрд. долларға өсіп, 19,2 млрд. долларды құрады. Міндеттемелердің ұлғаюы банктердің қысқа мерзімді қарыздары бойынша міндеттемелерінің 1,4 млрд. долл. өсуімен, ал ұзақ мерзімді қарыздарының 0,2 млрд. долл. төмендеуімен байланысты. Қазақстандық банктердің шоттарындағы бейрезиденттердің қаражаттары да 0,3 млрд. долл. азайды.

«Басқа секторлардың» үлестес емес кредиторлар алдындағы сыртқы борышы 2,3 млрд. долларға ұлғайып, 57,3 млрд. долларды құрады, бұл кредиттер мен қарыздар, қарыздық міндеттемелердің өсуімен, бағалы қағаздар бойынша бейрезиденттердің қайталама нарықта сатып алулары есебінен, сондай-ақ сауда кредиттері мен аванстар және басқа да міндеттемелер бойынша өсуі есебінен болды.

Ірі қазақстандық жобалардың өзінің шетелдік инвесторлары алдындағы міндеттемелерімен ұсынылған **фирмааралық берешек** 2,5 млрд. долларға төмендеп, 87,4 млрд. долларды құрады.

Фирмааралық берешек құрылымында қазақстандық кәсіпорындардың міндеттемелері өздерінің еншілес ұйымдары мен топшілік ұйымдары алдында төмендеді.

Экономика көлемінің ұлғаюы сыртқы қарыздың ЖІӨ-ге қатысты салыстырмалы параметрлерінің жақсаруына ықпал етті, ол 2026 жылғы 1 қаңтардағы 59,4%-дан 2026 жылғы 1 сәуірдегі 58,2%-ға дейін, сондай-ақ тауарлар мен қызметтер экспортына қатысты сыртқы қарыздың 2026 жылғы 1 қаңтардағы 201,7%-дан 2026 жылғы 1 сәуірдегі 200,0%-ға дейін жақсаруына әсер етті.


Қазақстан Республикасының **таза сыртқы борышы** 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 53,4 млрд. долларды құрап, 2026 жылдың 1 тоқсанынан мемлекеттік сектордың, банктердің борыштық міндеттемелерінің ұлғаюы есебінен 0,1 млрд. долларға ұлғайды. Бұл ретте мемлекеттік сектор қалған әлемге қатысты таза кредитор болады, ал банктер мен корпоративтік сектор таза қарыз алушылар болып табылады.

Фирмааралық берешекті ескергенде «Басқа секторлардың» таза сыртқы борышы 2026 жылғы 1 сәуірде 86,9 млрд. долларды құрады. Бұл ретте басқа секторлардың сыртқы борыштық міндеттемелер құрылымында фирмааралық берешек басым, оның көлемі 87,4 млрд. долларды немесе елдің барлық сыртқы міндеттемелерінің 30,9%-ын құрады. Өз кезегінде фирмааралық берешектің 67%-ы шетелдік компаниялардың филиалдарының Қазақстан аумағында ірі мұнай-газ жобаларын іске асыруына байланысты міндеттемелерінен тұрады және көбінесе шартты сипатқа ие (ақшалай емес өтеу, мұнай бағасына тәуелділік, рентабельділік және т.б.).

III ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОЗИЦИЯСЫ

2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша

Халықаралық инвестициялық позицияның (бұдан әрі – ХИП) таза көрсеткіші елдің неге иелік ететіндігімен және қандай қарызы бар екендігі арасындағы айырманы көрсетеді. 2026 жылғы 1 сәуірде аталған көрсеткіш (-)38,7 млрд. долларын құрады.(6-график).



Таза (ХИП) елдің сыртқы қаржылық активтері мен міндеттемелерінің арақатынасын көрсетеді. Бұл ретте сыртқы міндеттемелер тек қарыз құралдарын ғана емес, сонымен қатар шетелдік инвесторлардың қазақстандық компаниялардың капиталына қатысуын да қамтиды. Сыртқы активтердің өсуінен сыртқы міндеттемелердің озық өсуі нәтижесінде ХИП 2026 жылдың 1 тоқсанында 4,3 млрд. долл. төмендеді.

2026 жылғы 1-тоқсанда сыртқы активтер мен міндеттемелердің ұлғаюы төлем балансының операциялары, қайта бағалау және басқа да түзетулер есебінен болды (1-кесте).

Елдің **сыртқы активтері** жыл басынан 4,9 млрд. долларға ұлғайып, 2026 жылғы 1 сәуірде 243,7 млрд. долларды құрады. Өсу, бірінші кезекте, Ұлттық Банктің резервтік активтерінің, резиденттердің бағалы қағаздар портфелінің ұлғаюы, сондай-ақ сауда кредиттері мен қарыздары бойынша талаптардың өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік басқару органдарының сыртқы активтерінің елеулі бөлігін құрайтын Ұлттық қор 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 61,9 млрд. долларды немесе сыртқы активтердің 25%-ын құрады. 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Ұлттық Банктің резервтік активтері 66,8 млрд. долларды немесе елдің сыртқы активтерінің 27%-ын құрады. Жалпы алғанда Ұлттық қор мен Ұлттық Банктің резервтік активтері елдің сыртқы активтерінің 53%-ын құрайды.

Елдің **сыртқы міндеттемелері** 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 282,5 млрд. долларды құрап, жыл басынан бері 9,2 млрд. долларға өсті. Бұл өсім негізінен қазақстандық кәсіпорындардың капиталына тікелей инвесторлардың қатысу құралдары, сондай-ақ резиденттердің портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелері есебінен болды.

Қазақстан экономикасының секторлары бойынша ХИП құрылымында 2026 жылғы 1 сәуірде Мемлекеттік басқару органдары мен Орталық Банк әлемнің қалған бөлігіне қатысты «таза инвесторлар» болып табылады (2-қосымша).

Қазақстан ХИП-нің операциялық және басқа да өзгерістері

	01.01.25 жылғы ХИП	2026 жылғы 1 тоқсандағы ХИП-тің өзгерістері			01.04.26 жылғы ХИП	2026 жылғы 1 тоқсандағы инвестициялық кіріс ¹
		операциялық	қайта бағалау	басқа да		
ҚР сыртқы активтері	238,8	0,6	2,6	1,7	243,7	1,3
Тікелей инвестициялар	32,2	-0,5	0,4	1,4	33,4	0,1
Портфельдік инвестициялар	101,5	1,5	-0,1	-0,9	102,0	0,8
Туынды қаржы құралдары	0,1	0,0	0,0	0,0	0,1	0,0
Басқа инвестициялар	39,6	2,4	0,2	-0,8	41,4	0,2
Резервтік активтер	65,4	-2,7	2,2	2,0	66,8	0,2
ҚР сыртқы міндеттемелері	273,3	2,6	3,5	3,1	282,5	6,9
Тікелей инвестициялар	170,1	0,0	1,1	2,3	173,4	5,8
Портфельдік инвестициялар	33,3	0,7	2,2	0,6	36,8	0,4
Туынды қаржы құралдары	0,1	0,0	0,0	0,0	0,1	0,0
Басқа инвестициялар	69,9	1,8	0,3	0,2	72,2	0,7
ҚР ХИП	-34,5	-2,0	-0,9	-1,4	-38,7	

¹ Жанама түрде өлшенетін қаржылық делдалдық қызметтерін қамтиды (ЖӨҚДҚ)

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

млн. АҚШ доллары

	2023	2023				2024	2024				2025	2025				2026
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Ағымдағы операциялардың шоты	-8 284,4	-1 405,2	-3 208,3	-1 385,2	-2 285,6	-6 763,9	33,2	-1 464,1	-1 754,4	-3 578,6	-12 451,0	-1 044,0	-2 525,3	-3 701,2	-5 180,4	-2 008,0
Сауда балансы	20 167,0	5 232,1	4 358,7	5 301,7	5 274,6	17 483,2	5 716,1	5 395,2	3 908,7	2 463,2	11 043,8	4 826,9	2 887,8	2 999,3	329,8	4 068,9
Экспорт	80 216,2	19 163,2	19 882,9	20 465,6	20 704,5	78 278,5	18 836,7	20 678,2	19 707,1	19 056,4	77 325,4	18 417,7	19 470,0	20 149,8	19 287,9	19 280,5
Импорт	60 049,2	13 931,2	15 524,3	15 163,9	15 429,9	60 795,3	13 120,6	15 283,0	15 798,4	16 593,2	66 281,6	13 590,8	16 582,2	17 150,5	18 958,1	15 211,7
Қызмет балансы	-1 817,0	-393,8	-448,7	-500,6	-473,9	-1 092,7	-244,2	-268,7	-284,3	-295,4	-1 192,2	-334,5	-348,4	-55,6	-453,7	-219,1
Экспорт	10 525,2	2 277,1	2 657,4	2 811,9	2 778,8	11 866,7	2 691,6	2 924,7	3 172,5	3 077,8	12 818,9	2 699,9	3 213,0	3 542,0	3 364,0	3 081,2
Импорт	12 342,2	2 670,9	3 106,1	3 312,5	3 252,7	12 959,4	2 935,9	3 193,5	3 456,8	3 373,3	14 011,1	3 034,4	3 561,4	3 597,6	3 817,7	3 300,3
Бастапқы кірістер балансы	-26 236,5	-6 195,8	-6 966,0	-6 093,3	-6 981,4	-23 338,6	-5 520,8	-6 650,9	-5 356,8	-5 810,2	-22 134,3	-5 573,7	-4 958,7	-6 624,5	-4 977,4	-5 956,5
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 921,1	-401,2	-594,6	-543,6	-381,7	-2 015,6	-462,1	-695,8	-543,4	-314,4	-2 061,6	-508,7	-642,4	-513,6	-396,9	-419,9
Инвестициялық кірістер	-24 507,0	-5 841,4	-6 417,9	-5 597,7	-6 649,9	-21 545,3	-5 110,5	-6 007,7	-4 870,6	-5 556,5	-20 319,0	-5 125,5	-4 378,6	-6 165,8	-4 649,0	-5 608,7
Алынатын кірістер	3 903,3	812,0	1 033,8	1 021,8	1 035,7	5 041,4	1 142,5	1 294,6	1 300,3	1 304,0	4 661,5	1 157,1	1 215,2	1 175,6	1 113,6	1 235,3
Тікелей инвестициялардан кірістер	676,3	54,9	261,4	157,5	202,5	853,2	92,0	312,4	76,7	372,1	561,3	89,4	207,9	129,4	134,5	65,0
Портфельдік инвестициялардан кірістер	2 094,2	518,6	490,1	583,0	502,4	2 900,5	764,4	654,7	884,3	597,0	2 560,5	676,3	631,2	655,0	598,0	795,8
Басқа инвестициялардан кірістер	1 132,8	238,4	282,4	281,3	330,8	1 287,7	286,1	327,5	339,3	334,9	1 539,6	391,3	376,1	391,1	381,0	374,5
<i>о.і. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 891,7	451,3	481,8	518,9	439,7	2 235,4	489,9	581,8	592,0	571,7	2 252,5	607,1	551,5	590,0	503,8	586,6
Төленетін кірістер	28 410,2	6 653,4	7 451,8	6 619,5	7 685,6	26 586,7	6 253,0	7 302,3	6 170,9	6 860,4	24 980,5	6 282,6	5 593,9	7 341,4	5 762,6	6 844,1
Тікелей инвестициялардан кірістер	25 332,6	6 021,8	6 636,4	5 794,1	6 880,3	23 189,2	5 512,5	6 333,7	5 338,9	6 004,2	21 247,7	5 460,2	4 706,0	6 345,9	4 735,7	5 773,0
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 196,4	199,6	372,5	339,9	284,3	1 062,2	192,2	389,7	205,3	275,0	1 312,5	228,3	321,5	414,6	348,1	390,9
Басқа инвестициялардан кірістер	1 881,2	431,9	442,8	485,5	521,0	2 335,2	548,4	579,0	626,7	581,2	2 420,2	594,2	566,4	580,9	678,7	680,1
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	191,6	46,8	46,5	48,1	50,2	222,3	51,8	52,6	57,2	60,7	246,4	60,5	62,4	55,0	68,5	72,1
Қайталама кірістер балансы	-397,9	-47,6	-152,2	-93,1	-105,0	184,2	82,2	60,2	-22,1	63,8	-168,4	37,3	-106,1	-20,5	-79,1	98,7
	-26 634,4	-6 243,4	-7 118,2	-6 186,3	-7 086,4	-23 154,4	-5 438,6	-6 590,6	-5 378,8	-5 746,3	-22 302,7	-5 536,4	-5 064,7	-6 645,0	-5 056,5	-5 857,8
Капиталмен операциялар шотының балансы	1 249,5	86,1	-14,1	1 179,7	-2,2	-313,4	-58,4	-37,0	39,6	-257,6	-277,6	-57,4	-80,2	-63,0	-77,0	-47,8
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-1 685,9	367,1	-1 199,8	747,1	-1 600,3	-3 816,9	-711,7	1 224,8	-745,2	-3 584,8	-64,4	754,3	2 144,7	-910,7	-2 052,7	758,5
Тікелей инвестициялар	-2 578,3	-2 442,2	-1 834,6	1 110,9	587,6	-3 944,6	-3 265,4	579,7	554,2	-1 813,1	1 384,9	-2 813,6	1 425,0	1 952,6	820,9	-499,2
Қаржылық активтерді таза алу	3 145,2	853,5	-56,4	1 826,2	521,9	-1 901,5	-418,4	1 019,1	-580,8	-1 921,5	468,5	508,8	-476,3	592,9	-156,9	-476,4

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

млн. АҚШ доллары

	2023	2023				2024	2024				2025	2025				2026
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Міндеттемелерді таза қабылдау	5 723,6	3 295,7	1 778,2	715,3	-65,7	2 043,1	2 847,0	439,4	-1 135,0	-108,4	-916,4	3 322,3	-1 901,3	-1 359,7	-977,8	22,8
Портфельдік инвестициялар	5 097,6	2 510,4	1 999,4	2 411,9	-1 824,1	3 491,7	1 796,9	1 995,8	357,6	-658,6	848,9	2 548,7	673,0	-929,1	-1 443,6	770,6
Қаржылық активтерді таза алу	3 681,9	2 418,0	1 524,4	2 345,2	-2 605,8	3 811,3	1 770,5	1 446,1	683,4	-88,7	7 101,9	2 985,5	859,6	1 988,6	1 268,3	1 498,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-1 143,5	944,6	654,5	-1 166,5	-1 576,1	-2 423,1	-973,5	-68,6	-371,1	-1 009,8	-632,0	-47,5	-402,5	295,9	-477,9	191,5
Банктер	642,3	516,2	101,6	28,0	-3,5	181,5	-108,6	87,9	117,5	84,7	773,2	90,5	366,8	326,8	-10,9	-196,5
Басқа секторлар	4 183,1	957,3	768,3	3 483,7	-1 026,2	6 052,9	2 852,6	1 426,8	937,1	836,5	6 960,7	2 942,4	895,2	1 365,9	1 757,2	1 503,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1 415,8	-92,3	-475,0	-66,7	-781,7	319,7	-26,4	-549,7	325,8	569,9	6 253,1	436,8	186,6	2 917,7	2 711,9	728,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-1 423,7	-150,9	-218,7	-345,5	-708,7	39,1	-170,6	-495,4	605,1	100,0	2 280,9	-699,2	-559,2	2 133,5	1 405,8	-17,0
Банктер	-265,7	-40,9	-211,9	13,1	-26,0	1 041,7	0,7	449,7	26,9	564,4	2 344,4	341,3	188,0	435,7	1 379,3	0,6
Басқа секторлар	273,6	99,4	-44,4	265,6	-47,0	-761,1	143,5	-504,0	-306,2	-94,4	1 627,7	794,6	557,9	348,5	-73,2	744,7
Туынды қаржы құралдары (нетто)	-21,8	-0,1	15,7	48,5	-85,9	-19,5	-35,2	23,9	-6,7	-1,6	-12,8	-18,6	-3,0	-15,4	24,2	-66,7
Басқа инвестициялар	-4 183,4	299,0	-1 380,3	-2 824,2	-277,9	-3 344,4	792,0	-1 374,5	-1 650,3	-1 111,5	-2 285,4	1 037,8	49,7	-1 918,8	-1 454,2	553,9
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	64,1	22,6	3,8	74,1	-36,4	58,7	-5,4	5,1	67,1	-8,1	7,1	3,8	-7,0	0,3	10,0	9,6
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-1 241,0	-513,8	-468,7	-1 314,5	1 056,1	-2 106,3	-325,1	-444,9	-65,9	-1 270,3	-3 094,1	637,3	353,7	-1 028,1	-3 057,0	-800,8
Қаржылық активтерді таза алу	464,1	218,7	295,4	-28,0	-22,0	989,2	533,6	-7,1	370,6	92,1	1 446,0	-34,7	330,9	636,8	513,0	0,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-1,1	-0,5	0,0	-0,6	0,0	-1,2	-0,6	0,0	-0,6	0,0	-1,3	-0,6	0,0	-0,6	0,0	0,0
Банктер	421,1	45,4	24,0	100,9	250,8	207,8	110,6	39,6	-19,7	77,2	1 003,3	194,4	72,2	322,3	414,5	-66,2
Басқа секторлар	44,1	173,8	271,5	-128,4	-272,8	782,6	423,6	-46,7	390,9	14,8	443,9	-228,6	258,8	315,2	98,5	67,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	1 705,1	732,5	764,2	1 286,5	-1 078,1	3 095,5	858,7	437,9	436,5	1 362,4	4 540,1	-672,1	-22,7	1 664,9	3 570,0	801,6
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-482,9	-77,4	-68,9	-218,5	-118,0	620,4	-241,5	-82,6	-195,1	1 139,6	-653,0	-270,1	-142,2	-148,3	-92,3	-176,9
Банктер	1 240,1	607,5	552,0	528,4	-447,9	856,1	717,8	291,6	207,0	-360,3	165,6	-328,1	-43,9	202,1	335,4	-182,3
Басқа секторлар	947,8	202,4	281,0	976,6	-512,3	1 619,0	382,5	228,9	424,6	583,0	5 027,5	-73,9	163,4	1 611,1	3 326,9	1 160,9
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	-3 006,5	790,3	-915,4	-1 583,8	-1 297,6	-1 296,7	1 122,5	-934,7	-1 651,5	166,9	801,6	396,6	-296,9	-891,0	1 592,9	1 345,1
Қаржылық активтерді таза алу	795,2	1 655,4	-720,7	-341,0	201,4	-321,0	827,6	780,7	-1 048,9	-880,4	3 900,0	2 526,1	1 415,2	-1 837,2	1 795,9	2 352,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	3 801,7	865,1	194,7	1 242,8	1 499,1	975,7	-294,9	1 715,4	602,5	-1 047,3	3 098,4	2 129,5	1 712,1	-946,3	203,0	1 007,0
Қателер және қалып қойғандар	-572,9	-68,0	460,2	-2 701,4	1 736,3	2 367,6	-1 276,9	2 896,3	1 446,6	-698,5	7 293,0	533,4	3 030,8	980,0	2 748,7	65,9
Жалпы баланс	5 921,8	1 754,1	1 562,4	3 654,0	-1 048,7	892,9	590,4	-170,4	-476,9	949,8	5 371,2	1 322,3	1 719,4	1 873,5	456,0	2 748,4
Қаржыландыру	-5 921,8	-1 754,1	-1 562,4	-3 654,0	1 048,7	-892,9	-590,4	170,4	476,9	-949,8	-5 371,2	-1 322,3	-1 719,4	-1 873,5	-456,0	-2 748,4
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-5 921,8	-1 754,1	-1 562,4	-3 654,0	1 048,7	-892,9	-590,4	170,4	476,9	-949,8	-5 371,2	-1 322,3	-1 719,4	-1 873,5	-456,0	-2 748,4
ХВҚ-тің кредиттері	0,0					0,0					0,0					
Айрықша қаржыландыру	0,0					0,0					0,0					

Мұнда кеңейтілген статистика ұсынылған

*төлем балансының статистикасы өзекті ақпараттың түсуіне қарай жаңартылады

Қазақстан Республикасының төлем балансы: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер

млн. АҚШ доллары

	2023	2023				2024	2024				2025	2025				2026
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II	III	IV	
Ағымдағы шоттың сальдосы	-8 284,4	-1 405,2	-3 208,3	-1 385,2	-2 285,6	-6 763,9	33,2	-1 464,1	-1 754,4	-3 578,6	-12 451,0	-1 044,0	-2 525,3	-3 701,2	-5 180,4	-2 008,0
ЖІӨ-ге %-бен ¹	-3,2	-2,7	-6,1	-2,2	-2,4	-2,3	0,1	-2,5	-2,6	-3,5	-4,1	-1,7	-4,2	-5,2	-4,5	-2,9
CAR-ге % ¹	-8,5	-6,1	-13,2	-5,5	-9,1	-6,9	0,1	-5,7	-7,0	-14,7	-12,7	-4,5	-10,3	-14,5	-21,1	-8,3
Сауда балансы	20 167,0	5 232,1	4 358,7	5 301,7	5 274,6	17 483,2	5 716,1	5 395,2	3 908,7	2 463,2	11 043,8	4 826,9	2 887,8	2 999,3	329,8	4 068,9
ЖІӨ-ге %-бен ¹	7,7	10,1	8,3	8,5	5,6	6,0	9,9	9,2	5,7	2,4	3,6	8,1	4,8	4,2	0,3	5,9
ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты	80 216,2	19 163,2	19 882,9	20 465,6	20 704,5	78 278,5	18 836,7	20 678,2	19 707,1	19 056,4	77 325,4	18 417,7	19 470,0	20 149,8	19 287,9	19 280,5
ЖІӨ-ге %-бен ¹	30,7	37,0	37,7	32,9	22,0	26,9	32,6	35,2	28,9	18,4	25,3	30,8	32,4	28,3	16,9	28,1
ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар импорты	60 049,2	13 931,2	15 524,3	15 163,9	15 429,9	60 795,3	13 120,6	15 283,0	15 798,4	16 593,2	66 281,6	13 590,8	16 582,2	17 150,5	18 958,1	15 211,7
ЖІӨ-ге %-бен ¹	23,0	26,9	29,4	24,4	16,4	20,9	22,7	26,0	23,1	16,0	21,7	22,8	27,6	24,1	16,6	22,2
Тауарлар мен қызметтер экспорты	90 741,4	21 440,3	22 540,3	23 277,5	23 483,3	90 145,2	21 528,3	23 603,0	22 879,6	22 134,2	90 144,3	21 117,6	22 683,0	23 691,8	22 651,9	22 361,7
ЖІӨ-ге %-бен ¹	34,8	41,4	42,8	37,4	24,9	31,0	37,3	40,2	33,5	21,4	29,5	35,4	37,7	33,3	19,8	32,6
Тауарлар мен қызметтер импорты	72 391,4	16 602,1	18 630,4	18 476,4	18 682,5	73 754,7	16 056,5	18 476,5	19 255,2	19 966,5	80 292,6	16 625,2	20 143,6	20 748,1	22 775,8	18 512,0
ЖІӨ-ге %-бен ¹	27,7	32,0	35,3	29,7	19,8	25,3	27,8	31,4	28,2	19,3	26,2	27,8	33,5	29,1	19,9	27,0
Сыртқы сауда айналымы (ПБ әдістемесі бойынша)	140 265,4	33 094,4	35 407,2	35 629,5	36 134,4	139 073,8	31 957,4	35 961,3	35 505,5	35 649,7	143 607,0	32 008,5	36 052,3	37 300,2	38 246,0	34 492,2
Сыртқы сауда айналымы (ресми статистика)	139 551,0	33 153,5	35 193,7	34 878,8	36 325,1	142 072,0	31 652,7	36 387,7	36 486,6	37 544,9	143 873,4	29 772,1	36 757,2	37 275,2	40 069,0	33 427,8
Экономиканың ашықтығы ІЖӨ-ге %-бен (ПБ әдістемесі бойынша)	53,8					47,8					46,9					
Экономиканың ашықтығы ІЖӨ-ге %-бен (ресми статистика бойынша)	53,5					48,8					47,0					
Бастапқы кірістер (нетто)	-26 236,5	-6 195,8	-6 966,0	-6 093,3	-6 981,4	-23 338,6	-5 520,8	-6 650,9	-5 356,8	-5 810,2	-22 134,3	-5 573,7	-4 958,7	-6 624,5	-4 977,4	-5 956,5
ЖІӨ-ге %-бен ¹	-10,1	-12,0	-13,2	-9,8	-7,4	-8,0	-9,6	-11,3	-7,8	-5,6	-7,2	-9,3	-8,2	-9,3	-4,4	-8,7
Қайталама кірістер (нетто)	-397,9	-47,6	-152,2	-93,1	-105,0	184,2	82,2	60,2	-22,1	63,8	-168,4	37,3	-106,1	-20,5	-79,1	98,7
ЖІӨ-ге %-бен ¹	-0,2	-0,1	-0,3	-0,1	-0,1	0,1	0,1	0,1	0,0	0,1	-0,1	0,1	-0,2	0,0	-0,1	0,1
Жеке трансферттер (алынған)	303,7	83,3	83,8	68,0	68,6	240,8	55,6	63,9	61,4	59,9	238,1	52,2	60,7	65,3	59,9	58,1
ЖІӨ-ге %-бен ¹	0,1	0,2	0,2	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
CAR (ағымдағы шот бойынша түсімдер - current account receipts)	97 531,0	22 921,2	24 310,1	25 064,3	25 235,4	98 183,1	23 358,6	25 652,8	24 889,7	24 282,1	97 717,4	23 000,5	24 629,8	25 584,7	24 502,3	24 307,9
CAP (ағымдағы шот бойынша шығыстар - current account payments)	105 815,4	24 326,4	27 518,4	26 449,5	27 521,0	104 947,0	23 325,3	27 116,9	26 644,1	27 860,7	110 168,4	24 044,6	27 155,2	29 286,0	29 682,7	26 315,9
Капиталмен операциялар шоты	1 249,5	86,1	-14,1	1 179,7	-2,2	-313,4	-58,4	-37,0	39,6	-257,6	-277,6	-57,4	-80,2	-63,0	-77,0	-47,8
Қаржылық шот (резервтік активтерді қоспағанда)	-1 685,9	367,1	-1 199,8	747,1	-1 600,3	-3 816,9	-711,7	1 224,8	-745,2	-3 584,8	-64,4	754,3	2 144,7	-910,7	-2 052,7	758,5
ЖІӨ-ге %-бен ¹	-0,6	0,7	-2,3	1,2	-1,7	-1,3	-1,2	2,1	-1,1	-3,5	0,0	1,3	3,6	-1,3	-1,8	1,1

Қазақстан Республикасының төлем балансы: абсолютті және салыстырмалы өлшемдер

млн. АҚШ доллары

	2023	2023				2024	2024				2025	2025				2026
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		I	II	III	IV	I
Тікелей инвестициялар (нетто)	-2 578,3	-2 442,2	-1 834,6	1 110,9	587,6	-3 944,6	-3 265,4	579,7	554,2	-1 813,1	1 384,9	-2 813,6	1 425,0	1 952,6	820,9	-499,2
ЖІӨ-ге %-бен ¹	-1,0	-4,7	-3,5	1,8	0,6	-1,4	-5,7	1,0	0,8	-1,8	0,5	-4,7	2,4	2,7	0,7	-0,7
ҚР шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	23 865,5	7 866,2	5 606,0	6 352,8	4 040,6	17 881,0	6 201,5	3 779,7	3 514,7	4 385,2	20 451,3	7 113,9	3 039,6	5 224,8	5 072,9	6 304,7
ЖІӨ-ге %-бен ¹	9,1	15,2	10,6	10,2	4,3	6,1	10,7	6,4	5,1	4,2	6,7	11,9	5,1	7,3	4,4	9,2
Шетелге әкетілген тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	4 945,6	272,9	293,5	1 790,2	2 588,9	1 881,8	503,3	415,2	206,9	756,4	2 850,9	1 427,1	268,0	399,4	756,4	508,5
ЖІӨ-ге %-бен ¹	1,9	0,5	0,6	2,9	2,7	0,6	0,9	0,7	0,3	0,7	0,9	2,4	0,4	0,6	0,7	0,7
Портфельдік инвестициялар (нетто)	5 097,6	2 510,4	1 999,4	2 411,9	-1 824,1	3 491,7	1 796,9	1 995,8	357,6	-658,6	848,9	2 548,7	673,0	-929,1	-1 443,6	770,6
ЖІӨ-ге %-бен ¹	2,0	4,8	3,8	3,9	-1,9	1,2	3,1	3,4	0,5	-0,6	0,3	4,3	1,1	-1,3	-1,3	1,1
Жалпы баланс	5 921,8	1 754,1	1 562,4	3 654,0	-1 048,7	892,9	590,4	-170,4	-476,9	949,8	5 371,2	1 322,3	1 719,4	1 873,5	456,0	2 748,4
ЖІӨ-ге %-бен ¹	2,3	3,4	3,0	5,9	-1,1	0,3	1,0	-0,3	-0,7	0,9	1,8	2,2	2,9	2,6	0,4	4,0
Кезең соңындағы жалпы халықаралық резервтер	35 944,1	36 214,8	34 456,8	31 883,2	35 944,1	45 823,5	37 847,0	39 932,6	44 590,9	45 823,5	65 414,4	50 072,5	51 817,4	57 416,1	65 414,4	66 786,2
тауарлар мен қызметтер импорты	6,0	6,7	6,0	5,3	6,0	7,5	6,3	6,7	7,4	7,5	9,8	8,1	8,2	8,9	9,8	9,8
ЖІӨ-ге %-бен ²	13,8	15,4	14,3	12,8	13,8	15,7	14,2	14,6	16,0	15,7	21,4	17,2	17,8	19,5	21,4	21,3
SAR-ке аймен	4,1	4,5	4,1	3,7	4,1	5,2	4,3	4,6	5,1	5,2	7,1	5,7	5,9	6,4	7,1	7,1
Кезең соңындағы Ұлттық қордың сыртқы активтері	57 405,9	55 917,1	57 372,6	55 482,7	57 405,9	56 189,4	57 986,4	59 202,1	59 912,0	56 189,4	62 694,2	57 361,5	59 705,7	61 852,9	62 694,2	61 854,9
тауарлар мен қызметтер импорты айларында	9,5	10,3	9,9	9,3	9,5	9,1	9,7	9,9	9,9	9,1	9,4	9,3	9,4	9,6	9,4	9,0
ЖІӨ-ге %-бен ²	22,0	23,8	23,8	22,2	22,0	19,3	21,7	21,7	21,5	19,3	20,5	19,8	20,5	21,0	20,5	19,7
Кезең соңындағы жалпы халықаралық резервтер + Ұлттық қордың сыртқы активтері	93 350,0	92 131,9	91 829,4	87 365,9	93 350,0	102 012,9	95 833,5	99 134,7	104 502,9	102 012,9	128 108,6	107 434,0	111 523,2	119 269,0	128 108,6	128 641,1
тауарлар мен қызметтер импорты айларында	15,5	16,9	15,9	14,6	15,5	16,6	16,0	16,6	17,3	16,6	19,1	17,3	17,6	18,5	19,1	18,8
ЖІӨ-ге %-бен ²	35,8	39,3	38,1	35,0	35,8	35,0	35,9	36,3	37,5	35,0	41,9	37,0	38,2	40,5	41,9	40,9
Анықтама үшін:																
ЖІӨ млрд. теңгемен ³	119 442,3	23 582,6	23 662,0	28 302,1	43 895,5	136 693,3	26 023,9	26 318,8	32 619,9	51 730,7	159 561,3	30 467,3	30 904,5	38 190,3	59 999,2	34 102,4
ЖІӨ млн. АҚШ долларымен ⁴	260 926,1	51 837,9	52 720,5	62 187,5	94 180,1	291 183,8	57 784,7	58 786,8	68 292,4	103 488,3	305 913,4	59 720,0	60 152,4	71 243,9	114 336,5	68 515,8

¹ Кезеңдегі салыстырмалы өлшемдерді есептеу үшін тиісті кезеңдегі АҚШ долларымен немесе SAR-мен есептелген ЖІӨ қолданылады.² Кезең соңындағы салыстырмалы өлшемдерді есептеу үшін (жыл соңындағы мәндерді қоспағанда) тоқсандағы тиісті орташа айырбастау бағамы бойынша есептелген ЖІӨ-нің АҚШ долларымен тоқсандық мәндерінің сомасы ретінде айқындалатын есепті күннің алдындағы 4 тоқсандағы АҚШ долларымен есептелген ЖІӨ қолданылады. Жылдың соңындағы өлшемдерді есептеу үшін бір жылдағы орташа айырбастау бағамы бойынша есептелген күнтізбелік жыл үшін АҚШ долларымен есептелген ЖІӨ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (ҚР СЖРА ҰСБ) деректері бойынша қолданылады.³ ҚР СЖРА ҰСБ-ның деректері. 2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жедел деректер 2026 жылдың 29 маусымында жарияланды⁴ Күнтізбелік жылдағы АҚШ долларымен есептелген ЖІӨ – ҚР СЖРА ҰСБ-ның деректері.**Мұнда кеңейтілген статистика ұсынылған**

*төлем балансының статистикасы өзекті ақпараттың түсуіне қарай жаңартылады

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы және 2026 жылғы 1 тоқсандағы сыртқы сауда айналымы

млн. АҚШ доллары

	2025 жыл					2026 жыл	1 тоқ.26ж./ 1 тоқ.25ж. (%)	1 тоқ.26ж./ 4 тоқ.25ж. (%)
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	Барлығы	1-тоқсан		
Тауарлар (сальдо)	4 826,9	2 887,8	2 999,3	329,8	11 043,8	4 068,9		
Ресми сауда	3 129,0	4 321,2	4 083,4	2 670,1	14 203,7	3 591,9		
Бақал сауда	-546,9	-648,2	-772,7	-715,6	-2 683,3	-539,8		
Тауарлар экспорты (кредит)	18 418	19 470	20 150	19 288	77 325	19 281	105	100
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	18 269,3	19 309,4	19 938,3	19 232,1	76 749,1	18 979,3		
Экспорт ФОБ (ресми сауда)*	16 450,6	20 539,2	20 679,3	21 369,5	79 038,5	18 509,8	112,5	86,6
Төлем балансы түзетулер	1 818,7	-1 229,8	-741,0	-2 137,4	-2 289,5	469,5		
Бақал сауда	60,6	97,6	122,5	71,9	352,6	57,0	94,0	79,2
Айлақтан сатып алған тауарлар	99,1	116,5	125,1	101,6	442,2	74,3		
Қайта өңдеуге арналған тауарлар	-69,5	-169,8	-132,8	-122,2	-494,3	-86,8		
Басқа түзетулер	1 728,5	-1 274,0	-855,8	-2 188,7	-2 590,1	425,1		
Шетелдегі тауарларды қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты	30,5	24,4	31,7	-130,0	-43,3	152,8		
Шетелде тауарларды қайта сату шеңберінде сатып алынған тауарлар	-110,6	-170,5	-107,8	-309,8	-698,7	-192,2		
Шетелде тауарларды қайта сату шеңберінде сатылған тауарлар	141,1	194,9	139,5	179,8	655,4	345,0		
Монетарлық емес алтын	117,9	136,2	179,8	185,8	619,6	148,4		
Тауарлар импорты (дебет)	13 591	16 582	17 150	18 958	66 282	15 212	112	80
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	13 584,7	16 548,9	16 834,5	18 560,3	65 528,4	15 000,5		
Импорт СИФ (ресми сауда)*	13 321,5	16 218,0	16 595,9	18 699,4	64 834,9	14 917,9	112,0	79,8
Төлем балансы түзетулер	263,2	330,9	238,6	-139,2	693,6	82,5		
Бақал сауда	607,5	745,8	895,2	787,6	3 036,0	596,7	98,2	75,8
Айлақтан сатып алған тауарлар	31,1	32,6	41,8	40,6	146,2	44,9		
Қайта өңдеуге арналған тауарлар	-64,1	-116,5	-121,2	-167,9	-469,7	-70,4		
Бағаларға түзету ФОБ (фрахт)*	-592,8	-660,7	-633,3	-756,1	-2 643,0	-563,2		
Шетелдік интернет-дүкендерде жеке тұлғалармен сатып алынған тауарлар	355,9	363,9	372,8	430,4	1 523,0	285,3		
Басқа түзетулер	-74,4	-34,1	-316,7	-473,7	-898,9	-210,8		
Монетарлық емес алтын	6,06	33,33	315,96	397,80	753,2	211,19		
Сыртқы сауда айналымы	32 009	36 052	37 300	38 246	143 607	34 492	108	90
Ресми сауда	29 772,1	36 757,2	37 275,2	40 069,0	143 873,4	33 427,8	112,3	83,4
Бақал сауда	668,1	843,3	1 017,7	859,5	3 388,6	653,7	97,8	76,1

* Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің өзара сауда бойынша статистикалық есептілік деректері және үшінші елдермен декларацияланатын сыртқы сауда операциялары. Ресми сауда бойынша деректерде импорт құнына төлем балансын жіктеу бойынша "Қызметтер" бабында көрініс табатын, жүкті Қазақстанның шекарасына дейін тасымалдау шығыстарын қоса алғанда СИФ түрі бойынша бағалар кіргізілген

Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы

млн. АҚШ доллары

Тауар тобының атауы	2025 жылғы 1 тоқсан							2026 жылғы 1 тоқсан						
	экспорт	%	импорт	%	сыртқы сауда айналымы	%	сальдо	экспорт	%	импорт	%	сыртқы сауда айналымы	%	сальдо
Тауар концентрациясының коэффициенті¹		65,7		35,7		43,9		61,8		36,8		43,1		
Тірі мал және мал шаруашылығының өнімдері	99	0,6	253	1,9	352	1,2	-155	109	0,6	249	1,7	357	1,1	-140
Өсімдік өнімдері	876	5,3	390	2,9	1 265	4,3	486	1 176	6,4	477	3,2	1 652	4,9	699
Мал немесе өсімдік майлары	209	1,3	96	0,7	304	1,0	113	339	1,8	102	0,7	441	1,3	237
Азық-түлік өнеркәсібінің өнімдері, алкоголь, темекі	385	2,3	898	6,7	1 283	4,3	-513	559	3,0	971	6,5	1 530	4,6	-411
Минералды өнімдер	10 448	63,5	801	6,0	11 249	37,8	9 647	10 861	58,7	1 271	8,5	12 132	36,3	9 590
Химия өнеркәсібінің өнімі	556	3,4	1 476	11,1	2 032	6,8	-920	708	3,8	1 743	11,7	2 451	7,3	-1 036
Пластмасса және одан жасалған бұйым: каучук	149	0,9	675	5,1	824	2,8	-526	132	0,7	642	4,3	774	2,3	-510
Тері шикізаты, тері, аң терісі шикізаты және бұйымдар	5	0,0	59	0,4	64	0,2	-53	5	0,0	32	0,2	37	0,1	-27
Ағаш және ағаштан жасалған бұйымдар	20	0,1	150	1,1	170	0,6	-130	14	0,1	135	0,9	149	0,4	-121
Қағаз массасы	23	0,1	143	1,1	166	0,6	-120	15	0,1	175	1,2	190	0,6	-160
Тоқыма және тоқыма бұйымдар	86	0,5	719	5,4	805	2,7	-632	107	0,6	526	3,5	632	1,9	-419
Аяқ киім және бас киім, қол шатыр, таяқ	10	0,1	95	0,7	105	0,4	-86	12	0,1	68	0,5	81	0,2	-56
Тастан, гипстен, цементтен және асбестен жасалған бұйымдар	28	0,2	207	1,6	236	0,8	-179	33	0,2	207	1,4	240	0,7	-174
Асыл немесе жартылай асыл тастар, қымбат металдар	245	1,5	77	0,6	322	1,1	167	558	3,0	270	1,8	827	2,5	288
Асыл емес металдар және олардан жасалған бұйымдар	2 386	14,5	1 201	9,0	3 587	12,0	1 185	3 137	16,9	1 235	8,3	4 372	13,1	1 901
Машиналар, жабдық, механизмдер; электротехникалық жабдық	717	4,4	3 531	26,5	4 248	14,3	-2 814	603	3,3	4 172	28,0	4 775	14,3	-3 569
Жер, әуе және су көлігі құралдары	139	0,8	1 896	14,2	2 035	6,8	-1 757	87	0,5	2 059	13,8	2 147	6,4	-1 972
Оптикалық және фотографиялық аспаптар мен аппараттар	40	0,2	315	2,4	354	1,2	-275	35	0,2	308	2,1	344	1,0	-273
Өртүрлі өнеркәсіп тауарлары	22	0,1	327	2,5	350	1,2	-305	20	0,1	268	1,8	288	0,9	-248
Өнер туындылары; антиквариат	0	0,0	3	0,0	3	0,0	-3	0	0,0	0	0,0	0	0,0	0
Аралас жүк	8	0,0	11	0,1	19	0,1	-3	1	0,0	8	0,1	9	0,0	-8
Барлығы	16 451	100	13 322	100	29 772	100	3 129	18 510	100	14 918	100	33 428	100	3 592

¹ Концентрация коэффициенті жекелеген тауарлар тобының экспорты/импортының олардың жалпы көлеміне қатынастары квадраттарының сомасының квадрат түбірі ретінде есептеледі. Коэффициенттің ұлғаюы жекелеген тауарлар тобының жалпы көлемдегі үлесінің ұлғаюын білдіреді

Кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы

млн. АҚШ доллары

	2024	2024				2025	2025				2026	2026
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		
Халықаралық қызмет балансы, барлығы	-1093	-244	-269	-284	-295	-1192	-335	-348	-56	-454	-219	-219
Қызметтер экспорты	11867	2692	2925	3172	3078	12819	2700	3213	3542	3364	3081	3081
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	26	8	6	3	9	35	13	4	10	9	4	4
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	80	17	16	24	24	77	15	13	15	34	21	21
Көлік қызметтері	5467	1273	1354	1415	1425	5749	1297	1419	1512	1521	1566	1566
Жолаушы тасымалдау	252	62	75	69	45	313	62	85	92	74	101	101
Жүк тасу	4341	1021	1061	1107	1151	4519	1033	1112	1175	1199	1254	1254
Өзгелері	875	189	218	239	228	917	202	222	244	249	210	210
Теңіз көлігі	93	24	24	22	23	80	19	20	20	21	16	16
Жолаушы тасымалдау	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Жүк тасу	65	16	17	16	16	57	14	15	14	14	13	13
Өзгелері	28	8	7	6	7	23	5	5	6	7	3	3
Әуе көлігі	952	208	246	264	234	1037	219	262	291	264	262	262
Жолаушы тасымалдау	236	58	71	65	42	293	57	80	86	70	97	97
Жүк тасу	170	30	40	47	52	173	33	40	47	52	48	48
Өзгелері	547	119	135	153	140	572	128	142	158	143	116	116
Көліктің басқа түрлері	4385	1031	1070	1122	1163	4603	1050	1130	1194	1230	1281	1281
Жолаушы тасымалдау	16	4	4	4	4	20	4	5	6	5	5	5
Жүк тасу	4070	966	990	1037	1078	4262	977	1050	1108	1126	1185	1185
Өзгелері	300	62	76	81	81	322	69	74	80	99	91	91
Басқа көлік түрінің кеңейтілген жіктеуі:	4385	1031	1070	1122	1163	4603	1050	1130	1194	1230	1281	1281
Темір жол	1604	392	389	388	435	1798	425	417	459	497	574	574
Жолаушы тасымалдау	15	4	4	4	3	19	4	5	6	4	5	5
Жүк тасу	1325	330	316	315	365	1513	365	349	386	413	488	488
Өзгелері	263	57	69	69	67	267	56	63	68	80	81	81
Құбыр	2077	516	513	543	505	2001	478	529	503	491	503	503
Жүк тасу	2077	516	513	543	505	2001	478	529	503	491	503	503
Өзгелері	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Авто көлік	704	124	168	191	222	804	147	184	232	241	203	203
Жолаушы тасымалдау	1	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0
Жүк тасу	667	119	161	179	208	748	134	173	219	222	194	194
Өзгелері	37	4	7	12	14	55	13	11	12	19	9	9
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	37	10	14	7	6	28	8	7	6	7	7	7
Жол жүру	2571	465	677	828	600	2889	508	771	945	665	559	559
Іскерлік	241	56	66	61	58	264	61	69	71	64	67	67
Жеке	2330	409	612	767	543	2625	448	702	874	601	493	493
Емделумен байланысты	2	1	1	1	1	2	1	0	0	0	1	1
Оқумен байланысты	36	10	9	5	11	36	10	10	4	12	0	0
Өзгелері	2292	398	602	762	531	2588	437	692	870	589	492	492
Құрылыс	49	20	13	14	2	34	13	13	5	3	7	7
Шетелдегі құрылыс	2	0	0	1	1	1	0	0	1	0	3	3
Қазақстандағы құрылыс	47	20	13	14	1	33	12	13	5	3	4	4
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	265	58	63	69	76	291	54	74	81	83	85	85
Тікелей сақтандыру	60	11	16	17	16	65	10	16	16	24	12	12
Қайта сақтандыру	201	46	45	51	59	220	43	57	63	58	65	65
Қосалқы сақтандыру қызметі	4	0	1	1	1	6	1	2	2	1	8	8
Қаржылық қызметтер	895	233	225	224	213	825	179	203	224	219	198	198

Кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы

млн. АҚШ доллары

	2024	2024				2025	2025				2026	2026
		I	II	III	IV		I	II	III	IV		
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	13	2	3	3	6	37	7	9	10	10	8	8
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	1000	266	223	219	291	1355	289	347	353	366	279	279
Телекоммуникациялық	141	38	34	38	32	133	30	37	32	34	31	31
Компьютерлік	840	223	187	178	253	1143	245	287	292	319	241	241
соның ішінде цифрлық активтердің майнингі	219	74	57	33	54	368	77	88	106	97	63	63
Ақпараттық	18	6	3	3	6	80	14	23	29	14	7	7
Басқа да іскерлік қызметтер	771	182	166	182	241	809	174	191	200	243	202	202
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	13	4	3	3	3	5	1	2	1	1	1	1
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	301	71	67	71	93	330	61	73	80	116	77	77
заңгерлік	38	6	6	6	20	39	6	6	10	18	7	7
бухгалтерлік, аудиторлық	33	7	9	7	11	47	7	10	12	17	7	7
бизнес және басқару бойынша консультациялық қызметтер	87	23	19	21	25	112	21	23	30	38	36	36
жарнама және нарық конъюнктурасын зерделеу саласындағы қызметтер	142	36	33	37	37	132	27	34	28	43	26	26
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	457	108	97	108	144	474	112	117	119	127	125	125
Резиденттер және резидент еместер. Әрбір институционалдық бірлік бір ғана экономикалық аумақтың резиденті болып табылады, ол осы аумақпен тығыз байланысты және оның экономикалық мүддесі басым болатын орталық болып табылады. Институционалдық бірлік экономикалық аумақ шеңберінде белгілі бір орналасқан жері, тұрғын үй, өндіріс орны немесе басқалай үй-жай, ол біраз уақытта не белгісіз уақытта айтарлықтай ауқымда экономикалық қызметті және операцияны жүзеге асыратын және соған ниетті не түпкілікті, алайда жалғасатын кезеңде болса, экономикалық аумақтың резиденті болып табылады.

Ағындар деп экономикалық операциялар және есепті кезеңдегі оқиғалардың экономикалық салдары аталады. Халықаралық ағындар шоттарда операциялар және қаржы активтері мен міндеттемелеріндегі басқа да өзгерістер түрінде көрінеді. Ағындар экономикалық құнның құралуын, қайта құрылуын, алмасуын, беруді немесе жойылуды көрсетеді, оларға институционалдық бірлік активтері мен міндеттемелерінің көлеміндегі, құрамындағы немесе құнындағы өзгерістер кіреді.

Қосарлы жазба жүйесі

Операция екі институционалдық бірліктің өзара іс-әрекетін көрсетеді, ол іс-әрекет өзара келісім бойынша не заңның күшіне енуі бойынша жүзеге асырылады және экономикалық құндылықтармен немесе трансфертпен ауысумен ілеседі.

Әрбір операция бойынша операцияның әрбір бағытына қатысты дебеттік және кредиттік екі жазба беріледі. Аталған принцип барлық операцияларға қатысты барлық кредиттік жазбалардың сомасы барлық дебеттік жазбалар сомасына тең болуын қамтамасыз етеді, бұл шоттардың келісілгендігін жеке институционалдық бірлік деңгейінде тексеруге мүмкіндік береді.

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында кредиттеу экспортты, алуға бастапқы кірісті, алуға трансферттерді және өндірілмеген қаржылық емес активтерді көрсететін

¹Көбіне сыртқы сектордың статистикасына сыртқы борыш жатады. Сыртқы борыш бойынша стандартты есеп ХИП құрылымдық бөлігі болып табылады, алайда маңызды талдамалық мәнге байланысты сыртқы борышты сыртқы сектор статистикасының дербес құрамы ретінде қарау қабылданған.

жазбаларды білдіреді. Дебеттеу импортты, төлеуге бастапқы кірісті, төлеуге трансферттерді және өндірілмеген қаржылық емес активтерді сатып алуды көрсететін жазбалар өндірісін білдіреді.

Қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар болған жағдайда «қаржы активтерін таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген терминдер қолданылады. Кредит немесе дебет туралы түсінікті мәтінде ұлғаю (азаю) түсіндірмесі осы ұлғаю (азаю) қайсысына жататындығына байланысты (актив жағдайында дебет ұлғаюды білдіреді, ал міндеттеме жағдайында дебет азаюды білдіреді).

ТБ есепке алу негізделген қосарлы жазба жүйесіне сәйкес әрбір операция екі жазбамен көрінеді, оның үстіне кредиттік жазбалар сомасы дебеттік жазбалар сомасына тең.

Операцияларды тіркеу уақыты есептеу қағидаты негізінде айқындалады. Операцияларды тіркеу экономикалық құны жасалған, қайта құралған, айырбасталған, берілген немесе жойылған кезде жүзеге асырылады. Қаржы талаптарының және міндеттемелерінің туындауы қандай да бір ресурстарға меншік құқығының сыртқы экономикалық операцияның бір қатысушысынан екіншісіне өтуіне байланысты. Осындай өту заңды ресімделуі мүмкін, осы ресурстарды басқа тараптың бақылауын белгілеуді немесе ресурстарды нақты беруді болжайды. Меншіктің экономикалық құқығы көрінбей өткен жағдайда, мұндай өту операцияға қатысушы тараптар өздерінің бухгалтерлік кітаптарында немесе шоттарында операцияларды көрсеткен жағдайда болады.

ТБ операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде болған активтер мен міндеттемелердің көлеміндегі өзгерістер тіркеледі. ТБ операцияларына нақты төлемдер қоса жүретін операциялармен қатар, ақшалай төлемдер ұйғарылмаған операциялар да жатады.

Операциялар құнын бағалау. Операциялар мәміленің тәуелсіз қатысушылары арасындағы келісімшарттарда және шарттарда көрінген олардың нақты нарықтық бағасы бойынша бағаланады.

Сыртқы экономикалық қызмет шоттары экономиканың мына секторлары үшін қалыптасады: орталық банк, банктер (орталық банкті қоспағанда депозиттік корпорациялар), мемлекеттік басқару органдары, басқа секторлар, оның ішінде басқа қаржы ұйымдары және қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (ҮШКЕҰ). Секторлар бойынша жіктеу және бөлу жүйелері халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

ТБ-ның негізгі бөлімдері.

ТБ стандарттық құрылымы мына шоттардан тұрады: ағымдағы операциялар шоты (тауарлар және қызметтер, бастапқы кірістер, қайталама кірістер), капиталмен операциялар шоты және қаржылық шот.

Ағымдағы операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің және қайталама кірістердің ағындарын көрсетеді. Ағымдағы операциялар шоты бойынша сальдо алуға экспорт және кіріс сомасы және импорт пен төлеуге кіріс сомасы арасындағы айырманы көрсетеді (экспорт және импорт тауарларды да, қызметтерді де қамтиды, ал кіріс бастапқыны да, қайталаманы да білдіреді).

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында тауар мен қызмет импорты, сондай-ақ төленген бастапқы және қайталама кіріс көрсетілген кезде «минус» белгісін пайдалану алып тасталады. Бұл ретте тиісті баптардың сальдосы (тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің, қайталама кірістердің) кредит пен дебет арасындағы айырма сияқты айқындалады.

Ағымдағы шот:

«**Тауарлар**» бөлімінің негізгі құрамдары ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты және импорты, шетелде тауарларды қайта сату бойынша операциялар шеңберінде тауарлардың таза экспорты, монетарлық емес алтын болып табылады.

Монетарлық емес алтын санатына монетарлық алтыннан басқа барлық алтын кіреді. Өз кезегінде, монетарлық алтын - бұл қандай да бір құралмен жасалмайтын қаржы активі және халықаралық төлемдердің құралы және резерв активтерінде қолдану үшін жинақ құралы ретінде көрінетін басқа бірлікке талаптар болып табылмайды.

ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты мен импортына тауарлар (оның ішін қайтаэкспорт), резидент пен резидент емес арасында өтетін және мынадай нақты санаттарға кірмейтін меншік құқығы кіреді: тауарларды шетелде қайта сату шеңберіндегі тауарлар, монетарлық

емес алтын, жол жүрулер құрамдары, құрылыс және басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер.

Қайтаэкспорт – тауарлардың бастапқыда импортталған жай-күйімен салыстырғанда қандай да бір айтарлықтай өзгертулерсіз бұрын әкелінген елден шетел (басқа елдерде шығарылған және импорт ретінде ескерілген) тауарын шығару.

Шетелде тауарларды қайта сату резиденттің (статистиканы жасап отырған ел) резидент еместен тауарды сатып алуы ретінде айқындалады, кейін сол тауарды статистика жасайтын елге тауарды әкелмей қайта сатады.

Тауарларды сату сомасы мен сатып алу сомасы арасындағы айырма шетелде тауарларды қайта сатқан жағдайда «Тауарларды шетелде қайта сату шеңберінде тауарлардың таза экспорты» бабында көрсетіледі. Тауар шығысы немесе қорлары ұлғайған жағдайда тауарларды шетелде қайта сату шеңберінде тауарлардың таза экспорты теріс өлшемді құрауы мүмкін.

Құймадағы немесе өзге қалыптардағы монетарлық емес алтын тауарлар құрамында жеке баппен көрсетіледі.

Қызметтер резиденттер резидент еместерге ұсынған қызметті және резидент еместер резиденттерге көрсеткен қызметті білдіреді. ТБ қызметтің мынадай түрлерін бөледі: басқа тараптарға тиесілі материалдық ресурстарды өңдеу бойынша қызметтер, жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет, көлік (пошталық қызметтер және курьерлік байланысты қоса алғанда), жол жүру, құрылыс, сақтандыру зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызмет, қаржы қызметтер (жанама тәсілмен өлшенетін қаржылық делдалдық қызметін қоса алғанда (ЖӨҚДҚ)), басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншігі үшін ақы, телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызмет, басқа да іскерлік қызмет, жеке тұлғаларға қызмет және мәдениет пен демалыс саласындағы қызмет; мемлекеттік тауарлар және басқа санаттарға жатқызылмаған қызметтерді қамтиды.

ТБ әдіснамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қызметті көрсету уақыты оларды көрсету сәті болып табылады. Қызметті көрсету әрбір есепті кезеңде есептеу негізінде, яғни қызметті ұсынуға қарай көрінеді. Егер төлем уақыты қызмет көрсету уақытымен сәйкес келмесе, сауда аванстары (қаржы активтері мен қызмет көрсету кезінде өтелетін міндеттемелері) немесе сауда кредиттері (қаржы активтері мен қызмет көрсету кезінде туындайтын міндеттемелер) орын алуы мүмкін.

Бастапқы кірістерге қызметкерлердің еңбекақысы, инвестициялық кіріс және басқа да бастапқы кірістер кіреді.

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу кәсіпорынмен қызметкер-жұмыс беруші қатынастарындағы жеке тұлға жүргізген өндіріс барысындағы еңбек үшін сыйақыны білдіреді. Жұмыс беруші мен қызметкер әртүрлі елдің резиденттері болып табылса, қызметкерлердің еңбекақысы сыртқы экономикалық қызмет шоттарында көрсетіледі. Қызметкерлердің еңбекақысы негізгі үш құрамнан тұрады:

- 1) ақшалай нысандағы жалақы;
- 2) табиғи нысандағы жалақы;
- 3) жұмыс берушілердің әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдары.

Инвестициялық кіріс – дивидендтер, қайта инвестицияланған кірістер және пайыздар, яғни тікелей, портфельдіктен, басқа инвестициялардан және резерв активтерінен болған кірістер кіретін қаржы активтерін ұсынудан болған пайда.

Дивидендтер ұйымның басқаруына қаражат ұсыну үшін меншік иесіне капитал үлесі етіп аударылатын бөлінетін кірістерді білдіреді.

Қайта инвестицияланған кірістер тікелей инвестордың үлесін білдіреді, еншілес және қауымдастырылған кәсіпорындардың капиталындағы, кірістеріндегі оған теңбе-тең тиесілі үлесті олар дивидендтер ретінде бөледі. Кірістерді қайта инвестициялау кейбір жағдайларда, мысалы, тікелей инвестициялау кәсіпорындары зиян шеккен жағдайда немесе төленуге тиісті дивидендтер қаралып отырған кезеңде осы кезеңдегі таза кірістен артық болған жағдайда теріс өлшемді құруы мүмкін. Тікелей инвестор тарапынан тікелей инвестициялау кәсіпорынына капитал құю ретінде қарастырылатын оң қайта инвестициялау кірістеріне ұқсас теріс қайта инвестицияланған кірістер капиталдан қаражатты алу болып саналады.

Сыйақы (пайыздар) депозиттер, борыштық бағалы қағаздар, кредиттер және қарыздар және басқа да дебиторлық немесе кредиторлық берешектерді басқа институционалдық бірліктің

басқаруына беру үшін осыған ұқсас берілген қаржы активтерінің белгілі бір түрлерін иелерінің алуына жататын инвестициялық кіріс нысанын білдіреді. Пайыздар есептеу принципі бойынша көрсетіледі, яғни өтелмеген сомаға уақыт өте кредиторға үздіксіз есептелетін ретінде көрсетіледі.

Сақтандыру және зейнетақы полистерін және сақтандыру кепілдіктерін ұстаушылардың шотына жатқызылатын инвестициялық кіріс зейнетақы алуға құқықтары бойынша төлемге кірістерді және техникалық резервтер нысанында сақтандыру және стандартты кепілдіктер бағдарламалары шеңберінде олардың талаптарына полистерді ұстаушылардың пайдасын білдіреді.

Басқа да бастапқы кірістер өндіріске және импортқа салықтарды, субсидия мен рентаны қамтиды

Қайталама кірістер шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы трансферттерді көрсетеді. Орнына ағымдағы трансферттер экономикалық құны бар басқа объектіні алмай тауар, қызмет, қаржы активін немесе басқалай өндірістік емес актив ұсынуға сәйкес келетін операциялардың өтейтін жазбаларды білдіреді. Осы бап гранттарды, гуманитарлық және техникалық көмекті, түрлі халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарға үкіметтік жарналарды, салықтар және жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдарын қамтиды. Ағымдағы трансферттер алатын немесе өндіретін институционалдық секторлар бойынша жіктеледі. Қайталама кірістер шотының сальдосы түсімдердің жалпы сомасы мен төлемдердің жалпы сомасының айырмасын білдіреді.

Капиталмен операциялар шоты.

Капиталмен операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы туынды емес қаржылық емес активтермен және капиталдық трансферттермен кез келген сыртқы экономикалық операцияларды қамтиды. Туынды емес қаржылық емес активтер табиғи ресурстардан, жалдау келісімшарттарынан, шарттарынан және лицензиялардан және маркетингтік активтерден тұрады.

Күрделі трансферттер активтерге (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) меншік құқығы бір тараптан екінші тарапқа өтетін немесе активтерді (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) сатып алу немесе иесіздендіру бойынша бір немесе екі тарапқа да салынатын немесе міндеттемені кредитор кешірген жағдайдағы трансфертті білдіреді.

Қаржы операцияларының шоты.

Қаржылық шотта резиденттер мен резидент еместер арасындағы қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар көрсетіледі.

Қаржылық шот қаржыландырудың таза халықаралық операцияларында қолданылатын функционалдық санаттар, секторлар, құралдар және өтеу мерзімдері туралы ұғымды береді. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қаржы активтері мен міндеттемелерінің ағындары таза негізде көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді қайта бағалау салдарынан сыртқы берешектің өзгеруі қаржылық шотта көрсетілмейді. Қаржылық шот бойынша жазбалар тауарлар, қызметтер, кірістер, капиталмен операциялар шоттары бойынша немесе қаржылық шоттың басқа баптары бойынша операцияларға қатысты байланыстырушы жазбалар бола алады.

Қаржылық шотта «активтер» және «міндеттемелер» дегеннің орнына «қаржы активтерін таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген атаулар қолданылады. «Плюс» деген белгісі бар өзгеріс активтер мен міндеттемелердің ұлғаюын, ал «минус» деген белгісі бар өзгеріс активтердің немесе міндеттемелердің азаюын көрсетеді.

Қаржы активтері резиденттердің резидент еместерге қойылатын талаптардан және монетарлық алтын құрамындағы «құймадағы алтын» құрамынан тұрады.

Талап теңестірілетін міндеттемеге сәйкес келетін экономикалық активтің туындауына себепші болатын қаржы құралдары болып табылады.

Қаржылық шотта активтер мен міндеттемелер функционалдық белгісі бойынша, мынадай негізгі құрамдар: тікелей инвестициялар, портфель инвестициялары, туынды қаржы құралдары және қызметкерлер үшін акцияларға опциондар, басқа инвестициялар және резерв активтері бойынша жіктеледі.

Тікелей инвестициялар бір елдің резиденті бақылауды жүзеге асыратын және басқа елдің резиденті болып табылатын кәсіпорынды басқаруға айтарлықтай ықпал ету деңгейіне ие трансшекаралық инвестиция санаты (оны тікелей инвестициялау кәсіпорнын басқаруда он немесе одан да көп дауыспен қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдарына ие). Тікелей инвестициялар

тікелей инвестициялау кәсіпорнына тікелей инвестордың инвестициясына, өзінің меншікті тікелей немесе жанама инвесторына тікелей инвестициялау кәсіпорынының кері инвестициялауға және резидент және резидент емес тел кәсіпорындары арасындағы инвестицияларға жіктеледі.

Қаржы құралының түрі бойынша тікелей инвестициялармен операциялар капиталға қатысу құралдарына және инвестициялық қорлардағы үлестерге, кірістерді қайта инвестициялауға және борыштық құралдарға бөлінеді.

Кері инвестициялау тікелей инвестициялау кәсіпорны кредитке қаражат ұсынған немесе өзінің немесе жанама тікелей инвесторының капиталына қатысу құралын, ол осы тікелей инвесторда он немесе одан да көп дауыспен қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдарына ие болу талабымен сатып алған жағдайларда туындайды.

Тел кәсіпорын – бұл бір тікелей немесе жанама инвестордың бақылауында немесе ықпалында тұрған, алайда бір-бірін ешқандай бақыламайтын немесе ықпалы жүрмейтін кәсіпорын.

Портфель инвестициялары тікелей инвестицияларға немесе резерв активтеріне кіретіндерден басқа, капиталға қатысуды қамтамасыз ететін борыштық бағалы қағаздармен немесе бағалы қағаздармен байланысты операциялар кіреді.

Туынды қаржы құралдары және қызметкерлерге арналған акцияларға опциондар басқа нақты (базалық) құралға тәуелді және олардың көмегімен қаржы нарықтарында базалық құралға қарамастан нақты қаржы тәуекелдерінің саудасын жүзеге асыру мүмкін болатын (пайыздық және валюталық тәуекел, акциялар мен тауарлар бағасының ауытқуына байланысты тәуекел, кредиттік тәуекел және т.б.) қаржы құралдары болып табылады. Туынды қаржы құралдары форвард келісімшарттарына және опциондарға бөлінеді.

Басқа инвестицияларға капиталға қатысудың басқа құралдары, қолма-қол валюта және депозиттер, кредиттер және қарыздар, сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктердің бағдарламалары, сауда кредиттері және аванстар, басқа да талаптар мен міндеттемелер, қарыз алудың әлеуметтік құқықтары кіреді.

Капиталға қатысудың басқа құралдары, олар тікелей инвестициялар немесе резерв активтері болып табылмаған жағдайларда басқа инвестицияларға жататын болады. Бағалы қағаздар нысаны жоқ қатысудың басқа құралдары портфель инвестицияларына кірмейді.

Резервтік активтер – ақша-кредитті реттеу органдарының еркін басқаруындағы және олар ТБ қаржыландыру қажеттілігін қанағаттандыру, валютаның айырбас бағамына ықпал ету үшін валюта нарықтарында басқыншылықты жүргізу мақсатында және басқа да тиісті мақсаттарда (валютаға және экономикаға сенімді қолдау, сондай-ақ шетелдік қарызға алу үшін негіздер ретінде) олар бақылайтын сыртқы активтер.

Төлем балансының теңдестірілмеген шоттары **таза қателер мен қалып қойғандар** деп аталады. Таза қателер мен жіберіп алғандар қаржы шотының деректері бойынша таза кредиттеу/таза қарыз алу және ағымдағы операциялардың және капиталмен операциялардың деректері негізінде алынған осыған ұқсас бап арасындағы айырма ретінде қалдық тәсілмен есептеледі.

Төлем балансының стандартты және талдамалық ұсыну түрлері бар. Стандартты ұсынымда тауарлар, қызметтер, кірістер және қаржы құндылықтарымен сыртқы экономикалық операциялар Ұлттық шоттар жүйесіне (ҰШЖ) және нәтижесінде ТБ операциялары арасындағы сальдо нөлге тең болатын басқа да макроэкономикалық статистика жүйесіне ұқсас стандартты жіктеушіге сәйкес топталады.

Талдамалық ұсыным ТБ статистикасының стандартты ұсынымының қайта құрылымдалғаны болып табылады, ол резервтер және олармен, бір жағынан және екінші жағынан басқа операциялармен тығыз байланысты баптар арасындағы базалық шектеуді жеңілдетеді.

Халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме

Халықаралық инвестициялық позиция (ХИП) белгілі бір уақыт сәтіндегі құнды және құрылымды көрсететін статистикалық есепті білдіреді:

резидент еместерге қойылатын талаптарды және резерв активтеріне қызмет ететін құймадағы алтынды білдіретін елдің резиденттерінің қаржы активтері;

ел резиденттерінің резидент еместер алдындағы міндеттемелері.

Елдің сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелері арасындағы айырма оң немесе теріс болуы мүмкін елдің халықаралық инвестициялық ұстанымын білдіреді.

ХИП тікелей инвестициялардан, портфель инвестицияларынан, туынды қаржы құралдарынан және қызметкерлер үшін акцияларға арналған опциондардан, басқа инвестициялардан, сондай-ақ резерв активтерінен тұрады. ХИП кезең аяғындағы көрсеткіштері ағымдағы және алдындағы кезеңдердегі операциялардың және басқа да ағындардың нәтижелері болып табылады. ХИП туралы интеграцияланған есеп ХИП шоттарынан, қаржылық шоттан және қажы активтеріндегі және міндеттемелердегі басқа өзгерістер шотынан тұрады.

Басқа да ағындар – бұл резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялардан қарағанда басқа себептерден туындаған активтер мен міндеттемелер көлемінің, құнының немесе жіктеуінің өзгеруі. Басқа ағындарға талдамалық мақсатта екі кең санат шеңберінде көрінетін активтердегі және міндеттемелердегі түрлі өзгерістер жатады:

1) активтер мен міндеттемелердің көлеміндегі басқа өзгерістер институционалды бірліктер арасында өзара іс-әрекет етудің өзара келісіміне негізделгеннен қарағанда басқа себептерге (яғни операциялармен) байланысты туындаған активтер мен пассивтер балансына жаңа активтердің түсуін және ескі активтер мен міндеттемелердің шығуын көрсетеді;

2) активтер немесе міндеттемелер бағасының өзгеруі және (немесе) валютаның айырбас бағамының өзгеруі салдарынан туындайтын актив немесе міндеттеме бойынша құнды (холдингтік пайда немесе зиян) қайта бағалау.

ХИП ТБН6 негізінде жасалады. ХИП және ТБ қалыптастыруға әдіснамалық тәсілдер толық сәйкес келеді.

ТБ және ХИП деректерін жасау тәжірибесі

Қаржы активтері мен міндеттемелерімен операциялар бойынша статистикалық есептілік сыртқы экономикалық шоттарды (ТБ, ХИП, сыртқы борыш) қалыптастыру үшін деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік капитал қозғалысына байланысты валюта операцияларын Ұлттық Банкте тіркеу және хабарлау нәтижелері бойынша, сондай-ақ банктердің және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың ақпараты бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОЗИЦИЯНЫ ЖАСАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БАЗАСЫ

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
Ағымдағы операциялардың шоты		
ТАУАРЛАР		
Экспорт (ресми статистика)	ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика комитеті (СК), ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (МКК)	Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика бойынша статистикалық есептіліктің деректері
Импорт (ресми статистика)	СК, МКК	Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика бойынша статистикалық есептіліктің деректері
Түзетулер		
♦ бақал сауда	Шекара қызметі, ҚРҰБ	Елдер бойынша және жол жүру мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер. Жеке тұлғалардың ресми статистикада тіркелмейтін экспорттық-импорттық операциялар көлемін ҚРҰБ-ның бағалауы.
♦ айлақтан сатып алған тауарлар	Көлік кәсіпорындары	Нысандар бойынша есептілік деректері: ♦ №2-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге ұсынған) көлік қызметі туралы есеп»; ♦ №3-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге ұсынған) теміржол көлігінің қызметі туралы есеп»; ♦ №4-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарының атынан жүзеге асырылған операциялар туралы есеп»; ♦ №5-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарына ұсынылған қызметтер туралы есеп».
♦ жөндеуге және қайта өңдеуге арналған тауарлар	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	«Резидент еместермен халықаралық операциялар туралы есеп» №10-ТБ нысан бойынша бастапқы статистикалық деректері
♦ фрахт	ҚРҰБ	ҚРҰБ-ның тауарларды импорттау кезінде ҚР шекарасына дейін тасымалдауға және сақтандыруға жұмсалған шығыстарды бағалауы.
♦ басқа түзетулер	МКК, ҚРҰБ	Кедендік кіріс ордері бойынша өтетін операциялар бойынша деректер. Серіктес елдер деректері және басқа да ақпарат.
Шетелдегі тауарларды қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	№10-ТБ нысаны бойынша бастапқы статистикалық деректер.
Монетарлық емес алтын	СК, МКК, ҚРҰБ	Евразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика бойынша статистикалық есептіліктің деректері. ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері.
ҚЫЗМЕТТЕР		

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
- Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер - Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	№10-ТБ нысаны бойынша бастапқы статистикалық деректері
Көлік қызметтері - жолаушы тасымалдау - жүк тасу - өзгелері - пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	Көлік кәсіпорындары, «Қазпошта» АҚ, курьерлік байланыс кәсіпорындары, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №2-ТБ; №3-ТБ «Резидент еместерде алынған (резидент еместер ұсынған) темір жол көлігі қызметі туралы есеп»; №4-ТБ; №5-ТБ; №6-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместер ұсынған) байланыс қызметі туралы есеп». ҚРҰБ-нің жүктерді тасымалдауға шығыстарды бағалауы.
Жол жүрулер	Шекара қызметі, ҚРҰБ, банктер	Елдер бойынша және сапарға шығу мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер. ҚРҰБ-ның резиденттердің шетелге сапарларының шығыстарын және резидент еместердің ҚР-дағы шығыстарын бағалауы. ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы №213 қаулысымен бекітілген төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларының (бұдан әрі - №213 Қағидалары) 13-қосымша бойынша қалыптастырылатын жеке тұлғалардың оқуға және емделуге байланысты төлемдері бойынша әкімшілік деректер.
Құрылыс	Мемлекеттік органдар, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №7-ТБ «Мемлекеттік басқару секторының халықаралық операциялары, сыртқы активтері және міндеттемелері туралы есеп»; №10-ТБ. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы №41 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйымдар филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат беру ережесіне "Қазақстан Республикасында жобаларды іске асыру туралы есеп" 3-қосымшасының нысаны бойынша әкімшілік деректер (бұдан әрі - №41Қағида)
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	Сақтандыру ұйымдары, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №11-ТБ-ЖС «Резидент еместерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және «жалпы сақтандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сақтандыру туралы есеп»; №11-ТБ-ӨС «Резидент еместерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сақтандыру туралы есеп»; №10-ТБ.
Қаржылық қызметтер	Банктер, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушылары, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, құнды қағаздар	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №9-ТБ «Резидент еместерге қаржылық талаптардың жай-күйі туралы есеп және олардың алдындағы міндеттемелер»; №10-ТБ; №15-ТБ «Резидент еместермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп»;

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
	нарығының кәсіби қатысушылары, ҚР Қаржы министрлігі (ҚР ҚМ), шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, ҚРҰБ	♦ №14-ТБ «Қазақстан Республикасының ресми шетелдік заемдары бойынша есеп». ҚРҰБ Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі №154 қаулысымен бекітілген ҚР валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – №154 Қағидалары) 7-қосымша «Коммерциялық кредитті, қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп» нысаны бойынша әкімшілік деректер. ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: ♦ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі №64 қаулысымен бекітілген ҚР валюталық операциялар мониторингі Ережесіне "қаржылық қарызды игеру және оған қызмет көрсету туралы есеп" 3-қосымшасы (бұдан әрі - №64 Қағида); ♦ №41 қағидаларға 3-қосымша. ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері.
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	Байланыс кәсіпорындары, мемлекеттік органдар, банктер, мекемелер, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ №6-ТБ; ♦ №7-ТБ; ♦ №9-ТБ; ♦ №10-ТБ. №41 қағидаларға 3-қосымша нысаны бойынша әкімшілік деректер. ҚРҰБ резидент еместермен жасаған келісімшарттар туралы мәліметтер.
Басқа да халықаралық қызметтер: ♦ басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы; ♦ басқа да іскерлік қызметтер; ♦ жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер.	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ №7-ТБ; ♦ №9-ТБ, ♦ №10-ТБ, №213 Қағидаларына 13-қосымша бойынша қалыптастырылатын қызмет түрлері кесіндісінде жеке тұлғалардың төлемдері бойынша әкімшілік деректер. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: ♦ 9-қосымшаның "Жүргізілген валюта операциялары туралы есеп" №64 қағидаларға; ♦ №41 қағидаларға 3-қосымша. ҚРҰБ резидент еместермен жасаған келісімшарттар туралы мәліметтер.
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	Мемлекеттік органдар, банктер	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: ♦ №7-ТБ; ♦ №9-ТБ.
БАСТАПҚЫ КІРІСТЕР		
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	Мемлекеттік органдар; сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, ҚРҰБ	Бастапқы статистикалық нысаны бойынша деректер: ♦ №7-ТБ; ♦ №10-ТБ №41 қағидаларға 3-қосымша нысаны бойынша әкімшілік деректер. Ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау.

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
Инвестициялық кіріс		
• тікелей инвесторлардан кірістер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, шетелдіктердің қатысуымен бірлескен кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, банктер, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ «Резидент еместерге қаржы талаптары және олар алдындағы міндеттемелер туралы есеп»; №7-ТБ. №9-ТБ. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: «инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп» № 64 Қағидаға 4-қосымша; №41 Қағидаларға 3-қосымша; № 41 Қағидаға 5-қосымшасы «Өнімді бөлу туралы келісім бойынша шығындарды өтеу және пайданы бөлу туралы есеп»
• портфель инвестицияларынан кірістер	Құнды қағаздардың иелері және эмитенттері; банктер, бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (иелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №9-ТБ; №15-ТБ. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: № 64 қағидаларға 4-қосымша; №64 Ережеге 5-қосымша «Міндеттемелердің орындалуы туралы есеп» . ҚРҰБ қаржылық есептіліктерінің бастапқы құжаттарының және ҚР Ұлттық Қорының активтерін сенімгерлікпен басқару бойынша есептердің деректері.
• басқа инвестициялардан кірістер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар; банктер, ҚР ҚМ, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №9-ТБ; №14-ТБ; №17-ТБ «Резидент еместерге берілген кредиттер туралы есеп». Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 қағидаларға 3-қосымша; №64 қағидаларға 6-қосымшасы «Шетелдік банктегі шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп»; №64 қағидаларға 7-қосымша «Уәкілетті банктің резидент еместерден қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы есеп»; №64 қағидаларға 8-қосымша «Есепті кезеңнің басында және (немесе) аяғында өтелмеген міндеттемелері бар резидент еместерден уәкілетті банк тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп». №64 қағидаларға 9-қосымша; №41 қағидаларға 4-қосымша «Шетелдік банктердегі банктік шоттардағы ақша қозғалысы туралы есеп»; ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері.
• резерв активтерінен кірістер	ҚРҰБ	ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері.
Басқа бастапқы кірістер	Мемлекеттік органдар, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №7-ТБ; №10-ТБ;
ҚАЙТАЛАМА КІРІСТЕР		
Мемлекеттік басқару органдары	Мемлекеттік органдар, ММҚ,	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №7-ТБ;

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
	сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, ҚРҰБ	№10-ТБ. Кедендік статистика (гуманитарлық көмек). ҚРҚМ Статистикалық бюллетені. ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және ҮШКЕҰ		
Жеке трансферттер	Банктер, «Қазпошта» АҚ	№213 Қағидаларына 13-қосымша нысаны бойынша әкімшілік деректер. Ақша аударымдарының жүйелері бойынша банктердің деректері негізінде ҚРҰБ-нің бағалауы және №213 Қағидаларына 13-қосымша бойынша қалыптастырылатын төлемдер бойынша әкімшілік деректер.
Басқа да трансферттер	Банктер, мекемелер, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, сақтандыру ұйымдары, банктер	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №9-ТБ; №10-ТБ; №11-ТБ-ЖС; №11-ТБ-ӨС. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 қағидаларға 4-қосымша; №64 қағидаларға 5-қосымша; №64 қағидаларға 9-қосымша;
КАПИТАЛМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР ШОТЫ		
Өндірілмеген қаржылық емес активтердің жалпы шығыуы	Мемлекеттік органдар, сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	Нысандар бойынша бастапқы әкімшілік деректері: №7-ТБ; №10-ТБ. №64 Қағидаларға 5-қосымша нысаны бойынша әкімшілік деректер.
Капитал трансферттері		
Мемлекеттік басқару органдары	Мемлекеттік органдар, МКК	№7-ТБ нысаны бойынша бастапқы статистикалық деректер. Кедендік статистика (гуманитарлық көмек).
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және ҮШКЕҰ		
Қарызды кешіру	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	№64 Қағидаларға 3-қосымша нысаны бойынша әкімшілік деректер.
Басқа да трансферттер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар	№10-ТБ нысаны бойынша бастапқы статистикалық деректер. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 қағидаларға 5-қосымша; №64 қағидаларға 9-қосымша.
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОТ Қаржы активтері және міндеттемелері жөніндегі бастапқы статистикалық есептілік халықаралық инвестициялық позицияны және сыртқы борышты жасау үшін де деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік Ұлттық Банктегі капитал қозғалысы бойынша, сондай-ақ қосымша ақпарат көздері бойынша валюталық шарттарды есептік тіркеу шеңберінде келіп түсетін әкімшілік деректер негізінде сараптамалық бағалаумен салыстырылады және толықтырылады (банктер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, БАҚ және т.с.) .		
ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, шетелдік қатысы бар ұйымдар, мемлекеттік органдар,	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №7-ТБ; №9-ТБ. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 Қағидаларға 4-қосымша;

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
	банктер, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, ҚРҰБ	№644 Қағидаларға 5-қосымша; №64 Қағидаларға 9-қосымша; №41 Қағидаларға 3-қосымша; №41 Қағидаларға 5-қосымша. Мемлекеттік акциялар пакеттерін және мүліктік кешендерді сату туралы мәліметтер. ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері.
ПОРТФЕЛЬ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ	Банктер, бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (иелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі” АҚ, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №9-ТБ; №15-ТБ. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 Қағидаларға 4-қосымша; №64 Қағидаларға 5-қосымша; 5-қосымша «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен экономика секторлары мен кіші секторлары бойынша операциялар туралы есеп» ҚРҰБ Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 130 қаулысына «Орталық депозитаридің тізімін, нысандарын, есеп беру мерзімдерін және оларды ұсыну ережелерін бекіту туралы» (бұдан әрі - №130 Қағида); № 130 Қағидаға 9-қосымша «Қазақстан Республикасының резидент еместерінің негізгі шоттарындағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бағалы қағаздарының қалдықтары туралы есеп» ҚРҰБ қаржылық есептіліктерінің бастапқы құжаттарының және ҚР Ұлттық Қорының активтерін сенімгерлікпен басқару бойынша есептердің деректері. Қазақстан Республикасы резидент еместерінің негізгі шоттарындағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бағалы қағаздарының қалдықтары туралы есеп
ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, банктер, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №9-ТБ. №64 қағидаларға 5-қосымша нысаны бойынша әкімшілік деректер. ҚРҰБ қаржылық есептіліктерінің бастапқы құжаттарының және ҚР Ұлттық Қорының активтерін сенімгерлікпен басқару бойынша есептердің деректері.
БАСҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР		
Капиталға қатысудың басқа құралдары	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №7-ТБ. ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.
Қолма-қол валюта және депозиттер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, банктер, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары, мемлекеттік органдар, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: № 1-ТБ; № 7-ТБ; № 9-ТБ. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 Қағидаларға 6-қосымша; №64 Қағидаларға 9-қосымша; №41 Қағидаларға 4-қосымша. ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
		деректері.
Кредиттер және қарыздар	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, ҚР ҚМ және басқа мемлекеттік органдар, банктер, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №7-ТБ; №9-ТБ; №14-ТБ; №17-ТБ. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 Қағидаларға 3-қосымша; №64 Қағидаларға 7-қосымша; №64 Қағидаларға 8 қосымша; №64 Қағидаларға 9 қосымша. ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.
Саудалық кредиттер және алғы төлемдер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №7-ТБ. ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандарттық кепіл бағдарламалары	Сақтандыру ұйымдары	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №11-ТБ-ЖС; №11-ТБ-ӨС.
Басқа да талаптар мен міндеттемелер	Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар, банктер, мемлекеттік органдар, ҚРҰБ	Нысандар бойынша бастапқы статистикалық деректер: №1-ТБ; №7-ТБ; №9-ТБ. Нысандар бойынша әкімшілік деректер: №64 Қағидаларға 9-қосымша; - ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы №294 Қаулысымен бекітілген «Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп» ҚР ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерінің мониторингі қағидаларына 6-қосымша; Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валюталарының жіктелмеген операцияларын ҚРҰБ бағалауы ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері
Арнайы қарыз алу құқықтары (міндеттемелер)	ҚРҰБ	ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.
РЕЗЕРВТІК АКТИВТЕР	ҚРҰБ	ҚРҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері.

Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері**1. «Бақал» сауданың көлемін бағалаудың әдістемелік қағидаттары**

«Бақал» сауда ресми кеден статистикасына жатпайтын, жеке тұлғалардың шетелдік сапарларда коммерциялық мақсатта сатып алынған тауарлардың құнын (кезекті қайта сату үшін) қамтиды. Қазақстанның Ұлттық Банкі «бақал» сауда бағалауын жүргізіп, қамту бойынша «сауда балансы» бабына қосу үшін қосымша есептеу ретінде бағалайды.

«Бақал» саудасына байланысты операциялар көбінесе көршілес елдермен жүзеге асырылады, сондықтан шекаралық елдерге - Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Қытайға қатысты «бақал» саудасының жаңа есептелген параметрлері белгіленді. Жаңа есептеу параметрлерін әзірлеу кезінде 2012 жылы орын алған экономикалық жағдай (айырбас бағамы, нақты табыс, сатып алу қабілеті) ескерілді.

«Бақал» экспорты мен импортының жалпы көлемі «бақалшылар» санының олармен импортталатын және экспортталатын тауарлардың орташа құнына көбейтіндісі ретінде есептеледі.

«Бақал» саудасын бағалауға арналған бастапқы ақпарат – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің, республика шекарасын жеке мақсаттармен өтетін елдер кесігіндегі елдердің саны жайында, «бақалшылардың» негізінде нақтыланған үлес салмақтары бойынша есептелетін деректер болып табылады. Қазақстан Республикасының шекарасын жеке мақсаттарда кесіп өту өткізу жеке тұлғалармен туристік және жеке мақсаттар үшін жол жүруді қамтиды және іскерлік мақсаттарға байланысты жол жүру кірмейді.

Қайта сату үшін шетелдік сапарларда сатып алынған тауарлардың құнын бағалау шекарадан көбінесе жаяу немесе автомобиль көлігімен өтетін адамдарға қатысты кедендік баждар салынбайтын сомалар шегінде жүргізіледі. Кедендік баж салығын төлеуден босатыла отырып, жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізу нормалары ЕАЭО елдеріне қолданылмайды. Шекара маңындағы елдерден бұл нормалар Өзбекстан мен Қытай үшін жарамды.

"Бақал" сауда бабын есептеу үшін жаңа бағалау параметрлері жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізудің қолданыстағы нормаларын енгізу мерзімдеріне сәйкес 2012 жылдың 1 тоқсанынан бастап қолданылған.

Есептік параметрлер Ресеймен "бақал" сауда көлемін бағалау үшін ескереді:

- **"бақал" экспорты** үшін – Ресейдің Қазақстанға автомобиль көлігімен және жеке мақсатта жаяу келетін азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – Ресей азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

ҚР азаматтарының Ресейге автомобиль көлігімен және жеке мақсатта жаяу шығатын азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – ҚР азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

- **"бақал" импорты** үшін – ҚР азаматтарының Ресейге автомобиль көлігімен және жеке мақсатта жаяу шығатын азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – ҚР азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

Есептік параметрлер Қырғызстанмен "бақал" сауда көлемін бағалау үшін ескереді:

- **"бақал" экспорты** үшін – Қырғызстанның Қазақстанға автомобиль көлігімен және жеке мақсатта жаяу келетін азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – Қырғызстан азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

- **"бақал" сауда импорты** үшін – ҚР азаматтарының Қырғызстанға автомобиль көлігімен және жеке мақсатта жаяу шығатын азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – ҚР азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

Қырғызстан азаматтарының Қазақстанға автомобиль көлігімен және жеке мақсатта жаяу келетін азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – Қырғызстан азаматына АҚШ долларымен орташа құны.

Есептік параметрлер Өзбекстанмен "бақал" сауда көлемін бағалау үшін ескереді:

- **"бақал" экспорты** үшін – ҚР азаматтарының Өзбекстанға жеке мақсатта жаяу шығатын азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – ҚР азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

- **"бақал" импорты** үшін – ҚР азаматтарының Өзбекстанға жеке мақсатта жаяу шығатын азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – ҚР азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

Өзбекстан азаматтарының Қазақстанға автомобиль көлігімен және теміржол көлігімен жеке мақсатта келетін азаматтары санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – Өзбекстан азаматына АҚШ долларымен орташа құны.

Қытаймен «бақал» саудасын бағалаудың есептік параметрлері импорт бойынша ғана анықталады және ескеріледі:

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығына (бұдан әрі - «Қорғас» ШБХО) жеке мақсаттар үшін жаяу шығатын ҚР азаматтарының санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – ҚР азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

Қытайға автомобиль көлігімен жеке мақсатта жаяу шығатын ҚР азаматтарының санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – ҚР азаматына АҚШ долларымен орташа құны;

Қазақстанға автомобиль көлігімен жеке мақсатта автомобиль көлігімен келетін Қытай азаматтарының санындағы "бақалшының" үлесі және тауарлардың бір "бақалшыға" – Қытай азаматына АҚШ долларымен орташа құны.

2. FOB бағаларымен импорт құнын бағалаудың және тауарлардың экспорты мен импорты кезінде көлік шығыстарын есептеудің әдістемелік қағидаттары

Тауарлардың импорты бойынша ресми статистиканың жүк кеден декларациясы негізінде қалыптасатын деректер Қазақстанның кеден шекарасындағы тауардың құнын көрсетеді. Яғни Қазақстанмен ортақ шекарасы жоқ мемлекеттерден тауарлар әкелген кезде импортталатын тауарлардың кедендік құнына импортердің кеден шекарасындағы тауардың құнынан басқа (FOB үлгісі бойынша тауардың құны) Қазақстанның шекарасына дейін жүкті сақтандыру және тасымалдау құны (СИФ үлгісі бойынша тауардың құны) да кіреді.

Төлем балансында тауарлардың экспорты мен импортының құны тауарды сатушының кеден шекарасындағы FOB үлгісі бойынша (жүкті тиеу сатып алушының есебінен) бағалармен есептеледі, ал жүкті сақтандыру мен тасымалдау құны халықаралық қызмет көрсету балансының тиісті баптарында көрсетіледі. Сондықтан, төлем балансында деректерді дұрыс көрсету мақсатында тауарлардың импорты бойынша кеден статистикасының деректеріне жіктеу бойынша түзету жүзеге асырылады – СИФ үлгісі бойынша импорттың құнынан тиісінше «сақтандыру қызметтері» және «жүк тасымалдау» баптарындағы халықаралық қызмет көрсетудің импортына енгізілетін сақтандыруға және тасымалдауға арналған шығыстар шегеріледі.

Импортталатын тауардың құнындағы сақтандыру және тасымалдауға арналған шығыстардың үлесін айқындау үшін Ұлттық Банкте жыл сайын өткізілетін экспортерлер мен импортерлерді арнайы тексерулер негіз болып табылады. 2002-2004 жылдардағы тексерулердің нәтижелері бойынша («Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде тасымалдау және сақтандыруға арналған шығыстар туралы кәсіпорындарды тексеру сауалнамасы» статистикалық есеп нысаны ретінде 2002 жылы енгізілді) СИФ бағаларындағы тауарлар импортын FOB бағаларымен қайта есептеу және көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерді есептеу үшін орташа алынған есептік коэффициенттер алынды. Бұл ретте коэффициенттер шекаралас және басқа елдердің бөлігінде бағаланды.

Тауарларды сату және қызмет көрсету жөніндегі бірқатар салыстырмалы, талдамалы деректерді алу, сондай-ақ кеңейтілген жіктеу бойынша (Халықаралық валюта қоры 2000 жылы енгізген) қызмет көрсетулердің балансын қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында 2004 жылы алынған жаңа есептік коэффициенттер 2000 жылдан бастап төлем балансының деректеріне қолданылды.

Арнайы тексерулер нәтижелері бойынша есептік коэффициенттерді кейін қайта қарау осы тексерулердің орташа алынған коэффициенттерден айтарлықтай айырмашылығы болған жағдайда жүргізіледі (мысалы, жүкті тасымалдаудың жаңа тәсілдері мен маршруттары пайда болған жағдайда).

Коэффициенттерді қайта қарау кезінде болған өзгерістерге тән кезеңдер үшін орташа алынған ұстаным сақталады.

3. «Сапарлар» бабы бойынша халықаралық қызмет көрсетуді бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес “Сапарлар” бабы, ең алдымен, келушілер (Қазақстандағы бейрезиденттер, шет елдердегі резиденттер), егер олардың келу мерзімі бір жылдан аспаса, осы елде сатып алған сол тауарлар мен қызмет көрсетулерді қамтиды. Төлем балансында осы бап бойынша тіркелетін сома келушілердің келген елінде тауарларды және қызмет көрсетуді сатып алуға арналған шығыстарының құнын бағалауды білдіреді. Бұл топқа есебі “Жолаушылар тасымалдау” бабы бойынша жүргізілетін халықаралық қатынас жолаушыларын (билеттің құны) тасымалдау кірмейді.

«Сапарлар» бабы бойынша қызмет көрсету экспорты/импорты бір сапарға жұмсалатын орташа шығыс нормасы мен барушылар/келушілер санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Шығатын / келетін адамдардың санын анықтау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің мақсаттары, елдері және көлігі бойынша ҚР шекарасын қиып өтетіндердің саны туралы деректер пайдаланылады.

Бір «сапарға» орташа шығын мөлшерін бағалау мынадай ақпарат көздеріне негізделген:

- ҚР-да бекітілген шет мемлекеттерге іссапарлар шығындарын өтеу нормалары;
 - Қазақстанға іссапарларға жіберілген шет ел қызметкерлерінің сапар шығындарының нормалары;
 - жеке пайдалануға арналған тауарлардың қозғалысы үшін белгіленген нормалар;
 - ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетімен Қазақстан Республикасына келушілердің шығындарына және елден тыс жерлерге шығатын үй шаруашылықтарының шығындарына қатысты іріктеме зерттеулердің нәтижелері;
 - туроператорлардың интернет желісінде орналастырылған шет елдерге және Қазақстанға сапарлардың жолдама құны туралы ақпараты.
- Аталған дерек көздерінің негізінде мақсаттарға (іскер, туризм, жеке), елдерге, көлік түрлеріне және тұру ұзақтығына жұмсалатын орташа шығындар анықталды.

«Сапарлар» бабын есептеудің жаңа бағалау нормативтері 2012 жылдың бірінші тоқсанынан бастап қолданылуда.

4. «Жеке трансферттер» бабын бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес «Жеке трансферттер» резидент-үй шаруашылықтарымен бейрезидент-үй шаруашылықтарының пайдасына жіберілген немесе резидент-үй шаруашылықтарымен бейрезидент-үй шаруашылықтарынан алынған барлық ағымдағы трансферттерді есепке алады. Ол дегеніміз, «Жеке трансферттер» резидент - жеке тұлғалар мен бейрезидент емес - жеке тұлғалардың арасындағы үй шаруашылығы-жіберуші кірістері көздерінен және үй шаруашылықтарының арасындағы өзара қарымқатынастарынан да тәуелсіз ағымдағы трансферттердің барлығын қамтиды. Осыған қарамастан, «Жеке трансферттер» еңбек мигранттарының өз туыстарына қолғабыс ретінде аударымдарды жіберу нәтижелері туындайды (мигранттардың шыққан елдеріндегі), «Жеке трансферттерді» анықтау әдіснамаға сәйкес осыған ұқсас қызметтермен шектелмейді.

Қазақстан төлем балансының «Жеке трансферттер» бабы жеке тұлғалардың резиденттігі, жіберуші/алушы елдер және аударым мақсаттары бөлігінде халықаралық аударымдары туралы банк статистикасының деректері бойынша қалыптастырылады. Бұл ретте осы қаражаттардың шығу тегі және оларды жіберушілердің азаматтығы туралы мәліметтер банк есептілігенде болмайды. Өтеусіз ақша аударымдары туралы есептік деректерде сатып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге ақы төлеуге арналған қаражаттар ағыны туралы деректердің (ақша аударымдары көлемін елдер бойынша бөлу ескерілген) болуын назарға ала отырып, жіберушілер өтеусіз ретінде жіктейтін жеке аударымдардың жалпы сомасындағы жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдарының үлестік көлемін бағалау жүзеге асырылады. Осылайша, қаралып отырған бап бойынша Ұлттық Банктің бағалауы ескеріле

отырып, банк статистикасының деректері бойынша жеке тұлғалардың трансшекаралық өтеусіз аударымдары көрсетіледі.

Бағалауға қолданылатын әдістемелік тәсілдер 2013 жылдың соңында – 2014 жылдың басында қазақстандық банктердің қатысуымен ақша аударымдарын жіберуші және алушы жеке тұлғалардың жасырын зерттеулері бойынша әзірленді. Зерттеу нәтижелері негізінде өтеусіз аударымдардың үлесін есептеу үшін орташа мөлшердегі коэффициенттер алынды, бұл ретте коэффициенттер елдер, аударым бағыттары (Қазақстаннан/Қазақстанға) және ақша аударымдары тәсілдері (банк шотын пайдалана отырып және халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы)сонымен қатар аударымдардың көлемдерін есептей отырып бағаланды (10 мың АҚШ долл. дейін және 10 мың АҚШ долл.жоғары).

Жаңа коэффициенттер 2012 жылдың 1-тоқсанынан бастап «Жеке трансферттер» бабын бағалау үшін қолданылды.

5. Жеке сектордың капиталды таза әкелуін/әкетуін есептеу әдісі

Капиталды таза әкелуге/әкетуге төлем балансының қаржылық шотында тіркелген барлық операциялар, сондай-ақ қателер мен кемшіліктер кіреді.

Жеке секторға айқындамасы тар мемлекеттік секторды, яғни Қазақстан Республикасының Үкіметін және Ұлттық Банкті (төлем балансының «мемлекеттік басқару органдары» және «орталық банк» секторын) қоспағанда, барлық резиденттер жатады.

Осы кестенің мақсаты үшін төлем балансының қаржылық шотында ескерілетін активтердің таза қабылдануы, қарсы белгімен қолданылады: активтердің ұлғаюы «минус» белгісімен, азаюы «плюс» белгісімен ұсынылған. Тиісінше агрегирленген көрсеткіштер (Капиталды таза әкелу/әкету, Банктер, Басқа секторлар, мемлекеттік сектордың операциялары, Қаржылық шот (резерв активтерін ескермей) сондай-ақ төлем балансында қолданылатыннан қарсы белгімен ұсынылған. Осылайша, осы кестеде капитал ағынына (немесе әкету) сыртқы активтердің өсуіне не сыртқы міндеттемелердің төмендеуіне байланысты операциялар кіреді. Капитал ағыны (немесе әкелу) сыртқы міндеттемелердің ұлғаюы немесе сыртқы активтердің азаюы есебінен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы активтерге резиденттердің шетелдік акцияларға немесе борыштық бағалы қағаздарға инвестициялары, резиденттердің резидент еместерге ұсынған несиелері мен заемдары, резидент еместердің резиденттерге дебиторлық берешегі, резиденттерге тиесілі шетелдік валюта, резиденттердің шетелдегі шоты және басқа да активтер жатады.

Сыртқы міндеттемелерге резидент еместердің қазақстандық акцияларға немесе борыштық бағалы қағаздарға инвестициялары, резидент еместердің резиденттерге ұсынған несиелері мен заемдары, резиденттердің резидент еместерге кредиторлық берешегі, резидент еместердің қазақстандық банктердегі шоты және басқа да міндеттемелер жатады.

Төлем балансының қателері мен кемшіліктерінің негізінен банктік емес жеке сектордың операциялары есебінен пайда болатындығын болжамдай отырып, бұл бап басқа секторлардың капиталды таза әкелуі/әкетуі есебіне қосылады.

6. Трансшекаралық электрондық сауданы бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес электрондық сауда кем дегенде ішінара, мәселен, Интернет немесе қызмет көрсететін өзге компьютер желілері арқылы электрондық құралдармен өнімге тапсырыс беруді немесе жеткізуді білдіреді. «Электрондық саудадағы тауарларға» тұтас немесе негізінен электрондық құралдарды пайдалана отырып жасалатын мәмілелер нәтижесінде елдердің шекаралары арқылы нақты өткізілетін тауарлар жатады.

Жеке тұлғалардың трансшекаралық электрондық саудасы «Тауарлар» бабы бойынша төлем балансында сыныпталады. Тауарлардың осы санаты шекара арқылы тасымалданады, бірақ кеден қызметімен тіркелмейді және тиісінше тауарлардың сыртқы сауда статистикасында (ТССС) ескерілмейді, өйткені олардың басым бөлігі кедендік баждар салу үшін шекті мәндерден аспайды.

Жеке тұлғалардың трансшекаралық электрондық саудасының құнын бағалау:

- операция түрі: тауарлар мен материалдық емес құндылықтарға ақы төлеу;
- өткізу ортасы: интернет ресурсы және мобильді қосымша;

- операция белгісі: шетелдік эквайринг жүйесінде жүргізілген төлемдер сияқты параметрлері бар төлем карточкаларын пайдалана отырып, екінші деңгейдегі банктер қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы ұсынатын мәліметтерге негізделеді.

Интернет төлемдеріндегі тауарлардың үлес салмағын есептеу үшін 2021 жылғы деректер бойынша ірі банктерге іріктеп зерттеу жүргізілді. Деректер топтамасы тауарлар немесе қызметтер үшін төлем операцияларында сауда нүктесі қызметінің түрін анықтауға мүмкіндік беретін МСС-кодтар бойынша жеке тұлғалардың төлем карточкаларының операцияларын бөліп көрсетіп ұсынылды. Аталған дерек көздерінің негізінде интернет төлемдерін сыныптау жүргізілді және «тауарлар» санаты бойынша үлес салмағы шығарылды.

Траншекаралық электрондық сауда шеңберіндегі тауарлар экспорты/импорты банк есептілігі бойынша онлайн төлемдердің барлық бас жиынтығына салынған интернет төлемдеріндегі тауарлардың үлес салмағы бойынша бағаланды. Бұл операциялардың экспорттық ағыны шамалы.

Траншекаралық электрондық сауда бойынша импорттық операцияларды бағалау 2015 жылдың 1 тоқсанынан бастап жүргізілді. Траншекаралық электрондық сауданы бағалау әдістемесі бойынша толығырақ ақпаратты ҚРҰБ сайтында орналастырылған «Баспасөз орталығы және зерттеулер» бөліміндегі «Төлем балансы статистикасындағы трансшекаралық электрондық сауданы есепке алу» жұмыс мақаласынан алуға болады.

7. Жеңіл автомобильдердің сұр импортын есептеу әдістемесі

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес тауарлармен халықаралық сауда статистикасы (ТХСС) төлем балансы тауарларының шотындағы тауарлардың экспорты/импорты бойынша деректердің негізгі көзі болып табылады. Меншік құқығы ауысқан, бірақ ТХСС-тың ресми көздерінде көрсетілмеген кез келген тауарларды есепке алу мақсатында ТХСС деректерін түзету қажет. Аталған тауарларға автомобильдер сияқты ұзақ пайдаланылатын тауарлардың иесі резиденті болып табылатын елге әкелу және сатып алу жатады.

Бұл санат ЕАЭО ішінде кедендік баж салығының болмауынан және БНС-та жеке тұлғаларды статистикалық есептілік беруге міндеттеу мүмкіндігінің болмауынан ресми статистикаға кірмейді. ЕАЭО елдері ішінде тауарлардың еркін қозғалысы одақ азаматтарына жеке пайдалануға арналған тауарларды әкімшілік ресмилендірусіз әкелуге мүмкіндік береді. Қазақстан резиденттері одақтас елдердің (Ресей, Армения, Қырғызстан) нарықтарындағы автомобильдерге деген тұтынушылық сұранысының бір бөлігін толықтырады. Экономикалық одақ аясында мұндай үдерісті жан-жақты есепке алу қиын.

Резидент жеке тұлғалар шетелдік тіркеу нөмірлері бар жеңіл автомобильдер импортын Қазақстан Республикасының Сақтандыру жөніндегі бірыңғай деректер базасындағы мәліметтер негізінде бағалады. Есептеу үшін сақтанушының резиденттік тиесілігі, полистің мерзімі, сипаты (бастапқы, қайталама), автомобильді Қазақстанға әкелген кездегі оның маркасы және шығарылған жылы туралы ақпарат пайдаланылды.

Транзиттік немесе ҚР-ға жеке мақсатпен аз уақытқа кірген автомобильдер іріктемеден алып тасталды. Бұл ретте біздің болжамдарымыз бойынша СБДБ жүйесіне автомобиль туралы деректерді бастапқы енгізу оны нақты әкелу кезеңімен сәйкес келеді.

Орташа бағалар www.kolesa.kz сайтындағы хабарландырулар негізінде парсинг² әдісі арқылы есептелді. Хабарландырулар автомобильдердің маркасы мен жылына қарай топтастырылды, одан кейін бағалардың орташа арифметикалық мәндері және олардың медианалары есептелді.

Жеке секторларға жеңіл автомобильдерді әкелу көлемі 2015 жылғы 1 тоқсаннан бастап тауарлар бабына енгізілді. Бұл есептеу көрсетілген параметрлерге сәйкес автомобильдерді әкелу көлемінің қысқаруына байланысты уақытша болып табылады. Автомобильдерді бағалау әдістемесі бойынша толығырақ ақпаратты ҚРҰБ сайтында «Баспасөз орталығы және зерттеулер» бөлімінде орналастырылған «Қазақстанның төлем балансындағы автомобильдердің «рұқсат етілмеген» импортын бағалау» деген жұмыс мақаласынан алуға болады.

² Python бағдарламалық алгоритмдері негізінде веб-сайттардан деректер жинау

Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамаға көшуі туралы

2013 жылға дейін Қазақстанның сыртқы секторының статистикасын қалыптастыру Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) төлем балансы жөніндегі нұсқаулығына, 1993 жылы шығарылған 5-ші басылым (бұдан әрі - 5ТБН), сәйкес жүзеге асырылды. 2013 жылғы 1-тоқсанның есептерінен бастап Ұлттық Банк жаңа халықаралық стандарттарға сәйкес келуді қамтамасыз ету мақсатында сыртқы экономикалық статистиканы ХВҚ-ның жаңа әдіснамасы – Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқаулық, 2009 жылғы 6-шы басылым (бұдан әрі – 6ТБН), бойынша қалыптастыруға көшті.

Тұжырымдамалық тұрғыдан 6ТБН өткен (бесінші) басылымның (5ТБН) әдіснамасымен сабақтастықты сақтайды. 5ТБН ұсынымдарына негізделген төлем балансы статистикасының бұрынғы деректерін тұтастай алғанда жаңа әдіснамамен жасалған біріктірілген деректермен салыстыруға болады. Динамикалық қатарларды салыстырып қарауға қол жеткізу үшін Қазақстанның 2005 жылдан бастап қоса алғанда 2012 жылдар аралығындағы кезеңдегі төлем балансының, халықаралық инвестициялық позициясының және сыртқы борышының деректері конверсияланды. 6ТБН сәйкес төлем балансының жекелеген баптары қайта топтастырылғандықтан, төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция, сыртқы борыш және олардың осы кезеңдердегі құрамдас бөліктері шоттарының мәндері өзгерді.

Деректерді жариялау кезінде бұрын кредиттік (плюс) және дебеттік (минус) жазбаларды қолдануға негізделген төлем балансының статистикасын стандартты ұсыну нысаны өзгерді. Ағымдағы операциялардың және капиталмен операциялардың шоттарында тауарлар мен қызметтер импортын, сондай-ақ төленген бастапқы және қайталама кірістерді көрсету кезінде «минус» белгісін пайдалану алып тасталады. Бұл ретте тиісті баптардың (тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің, қайталама кірістердің) сальдосы кредит пен дебет арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Қаржы шотында «активтер» мен «міндеттемелердің» орнына «қаржылық активтерді таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» атаулары пайдаланылады. «Плюс» белгісі бар өзгеріс активтердің немесе міндеттемелердің ұлғаюын, ал «минус» белгісі бар өзгеріс активтердің немесе міндеттемелердің азаюын көрсетеді. Қаржы шотының сальдосы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позицияның стандартты ұсынымында тікелей инвестицияларды салым бағыты бойынша (Қазақстанға және шетелге) ұсыну болмағандықтан, мынадай қосымша талдама кестелерді орналастыру көзделген:

- Салу бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар – Қазақстаннан және Қазақстанға тікелей инвестицияларды таза және жалпы әкету мен әкелу көрсеткіштері бар.
- Салу бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңнің соңындағы позиция.

Тікелей инвестицияларды ұсынудың өзгеруіне және олардың құрамына тел кәсіпорындар арасындағы операциялардың енгізілуіне байланысты тікелей инвестицияларды жалпы әкелу мен жалпы әкетуді қалыптастыру көрсеткіштерінің атауы және әдістемесі нақтыланды – тікелей инвестордан акционерлік капиталды кері сатып алу шегерімі алып тасталды. Деректерді салыстыру үшін 2005 жылдан бастап шетелдік тікелей инвесторлардан Республикаға тікелей инвестицияларды жалпы әкелу бойынша және Қазақстанның тікелей инвесторларынан тікелей инвестицияларды шетелге жалпы әкету бойынша динамикалық қатарларды қайта есептеу жүргізілді.

Одан басқа, төлем балансында және халықаралық инвестициялық позицияда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шетел активтерімен байланысты операциялары мен қалдықтары «Мемлекеттік басқару органдары» секторына ауыстырылған.

6ТБН талаптарына сәйкес елдің сыртқы борышы бойынша ақпаратты стандартты берудің құрылымы шамалы өзгерді, атап айтқанда:

- «Басқа секторлар» қазір сыртқы борыштың құрылымында жеке бап болып табылатын фирмааралық берешекті ескермей ұсынылған. Төлем балансында және сол сияқты халықаралық инвестициялық позицияда фирмааралық берешекке сондай-ақ шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелер жатады.

- «Басқа да міндеттемелер» бабына 2013 жылдың бірінші тоқсанынан бастап «Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары және стандарттық кепілдіктер бағдарламалары» сияқты құралдар енгізілді.

5ТБН салыстырғанда 6ТБН-ның талаптары өзгеруінің қысқаша тізбесі

	5ТБН сәйкес	6ТБН сәйкес
Ағымдағы операциялар шотындағы баптардың атауы	• Тауарлар • Қызметтер • Кірістер • Ағымдағы трансферттер	• Тауарлар • Қызметтер • Бастапқы кірістер • Қайталама кірістер
Ағымдағы операциялар шотындағы және капиталмен және қаржымен операциялар шотындағы операциялардың белгілері	«+» - кредит (тауарлар мен қызметтердің экспорты, алуға кірістер мен трансферттер) «-» - дебет (тауарлар мен қызметтердің импорты, төлеуге кірістер мен трансферттер) Сальдо = кредит + дебет	«+» - кредит (тауарлар мен қызметтердің экспорты, алуға кірістер мен трансферттер), дебет (тауарлар мен қызметтердің импорты, төлеуге кірістер мен трансферттер) Сальдо = кредит – дебет
Қаржы шотындағы операциялардың белгілері	«+» - міндеттемелердің ұлғаюы, активтердің төмендеуі «-» - активтердің ұлғаюы, міндеттемелердің төмендеуі Сальдо = барлық операциялардың қосындысы	«+» - міндеттемелердің немесе активтердің ұлғаюы, «-» - активтердің немесе міндеттемелердің төмендеуі Сальдо = активтер - міндеттемелер
Қаржы шотының және оның құрамдас бөлігінің сальдосы	Теріс – ресурстардың нетто-әкетілуі, оң – ресурстардың нетто-әкелінуі	Теріс – таза қарыз алу (ресурстардың нетто-әкелінуі), оң – таза кредиттеу (ресурстардың нетто-әкетілуі)
ТБ, ХИП және СБ-ның қаржы шотындағы секторлардың атауы	• Ақша-кредиттік реттеу органдары • Мемлекеттік басқару секторы • Банктер • Басқа секторлар	• Орталық банк • Мемлекеттік басқару органдары • Банктер • Басқа секторлар
ТБ, ХИП және СБ-ға тікелей инвестицияларды ұсыну	Инвестициялардың бағыты бойынша: Шетелге тікелей инвестициялар: • Талаптар • Міндеттемелер Қазақстанға тікелей инвестициялар: • Талаптар • Міндеттемелер	Активтер мен міндеттемелердің қағидаты бойынша Талаптар: • шетелге инвестициялар бойынша • Қазақстанға инвестициялар бойынша Міндеттемелер • шетелге инвестициялар бойынша • Қазақстанға инвестициялар бойынша
Тел кәсіпорындардың операцияларын есепке алу	Қаржы активтері мен міндеттемелерінің санатына қарай басқа инвестицияларда	Тікелей инвестицияларда

**Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің
халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі**

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
Мемлекеттік басқару органдары			
Борыштық бағалы қағаздар Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚР Қаржы Министрлігінің бағалы қағаздары (МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕУКАМ және басқалар) бойынша және ҚР Үкіметі шығарған еурооблигациялар бойынша резидент еместер алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық бағалы қағаздар. Мемлекеттік басқару органдары. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Кредиттер мен қарыздар. ХВҚ алдындағы, басқа да Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚР Үкіметі ХВҚ-дан және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарынан тартқан кредиттер бойынша, ресми екіжақты кредиттер мен басқа да кредиттер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер мен қарыздар. Мемлекеттік басқару органдары. ХВҚ алдында, басқа да Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Сауда кредиттері мен аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Мемлекеттік басқару органдарының резидент еместер алдындағы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген кредиторлық	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне кредиторлық берешектің ұлғаюы және азаюы сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері мен аванстар. Мемлекеттік басқару органдары. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Мемлекеттік басқару органдарының басқа да борыштық міндеттемелері бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген резидент еместердің алдындағы берешегі.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне міндеттемелердің ұлғаю және азаю сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа да міндеттемелер. Мемлекеттік басқару органдары. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Орталық Банк			
Борыштық бағалы қағаздар. Ұзақмерзімді,	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚРҰБ ноттары бойынша резидент	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер.

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
қысқамерзімді.	еместер алдындағы берешек.	бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің (ҚРҰБ) өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Борыштық бағалы қағаздар. Орталық Банк. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Арнайы қарыз алу құқықтары	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚРҰБ-тың ХВҚ-қа мүше мемлекеттерге АҚҚ жалпы бөлу шеңберіндегі ХВҚ алдындағы берешегі	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне АҚҚ бөлу және өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Арнайы қарыз алу құқықтары.
Қолма-қол валюта және депозиттер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Есепті күндегі жағдай бойынша ҚРҰБ-тың резидент еместердің қолдарында бар қолма-қол теңге бойынша, резидент еместер ҚРҰБ-та ашқан корреспонденттік, ағымдағы және жинақ шоттары бойынша резидент еместердің алдындағы берешегі.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне ҚРҰБ-тағы шоттарға орналастыру және олардан алу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ шоттар бойынша есептелген, бірақ төленуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Қолма-қол валюта мен депозиттер. Орталық Банк. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Кредиттер мен қарыздар. ХВҚ алдында, басқа да Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚРҰБ ХВҚ-дан және басқа да халықаралық ұйымдардан тартқан кредиттер бойынша, басқа да кредиттер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ кредиттер бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер мен қарыздар. Орталық Банк. ХВҚ алдында, басқа да Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Сауда кредиттері мен аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚРҰБ-тың тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша резидент еместердің алдындағы есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген кредиторлық берешегі.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне кредиторлық берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ сауда кредиттері бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері мен аванстар. Орталық Банк. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	ҚРҰБ-тың резидент еместер алдындағы басқа да борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер,	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа міндеттемелер. Орталық Банк.

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	бойынша өтелмеген берешегі.	сондай-ақ басқа да борыштық міндеттемелер бойынша есептелген, бірақ төленуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Банктер (фирмаралық берешексіз)			
Борыштық бағалы қағаздар	Есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы Банктер дербес шығарған бағалы қағаздар бойынша берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық бағалы қағаздар. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Қолма-қол валюта мен депозиттер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер Банктерде ашқан корреспонденттік, ағымдағы және жинақ шоттары бойынша резидент еместер алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне Банктердегі шоттарға орналастыру және олардан алу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ шоттар бойынша есептелген, бірақ төленуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Қолма-қол валюта мен депозиттер. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді
Кредиттер мен қарыздар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместерден тартылған кредиттер бойынша, бас Банктердегі АМК салымдары бойынша (АМК-ның еурооблигацияларды шығаруы есебінен тартылған), резидент еместермен РЕПО операциялары бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешек	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ кредиттер бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер мен қарыздар. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді
Сауда кредиттері мен аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместер алдындағы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген кредиторлық берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне кредиторлық берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ сауда кредиттері бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері мен аванстар. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да	Резидент еместер	Берешекті есепті күні қолданылатын	Басқа

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
міндеттемелер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	алдындағы басқа да борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша өтелмеген берешек	нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да борыштық міндеттемелер бойынша есептелген, бірақ төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа да міндеттемелер. Банктер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа секторлар (фирмааралық берешексіз)			
Борыштық бағалы қағаздар	Басқа секторлар дербес шығарған бағалы қағаздар бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Портфельдік инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық бағалы қағаздар. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Қолма-қол валюта және депозиттер. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместер ҚРҰБ-ның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банк шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиясы бар банктік емес ұйымдарда ашқан шоттар бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы берешек	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне шоттарға орналастыру және шоттардан алу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ шоттар бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын бойынша берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Қолма-қол ақша және депозиттер. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Кредиттер және қарыздар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместерден алынған, оның ішінде ҚР Үкіметі кепілдік берген кредиттер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша берешек	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ кредиттер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді. ҚР Үкіметі кепілдік берген берешек есебіне негізгі борышты игеру және өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер және қарыздар. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді
Сауда кредиттері және аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешек есебіне кредиторлық берешектің ұлғаю және азаю	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері және аванстар. Басқа

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	кредиторлық берешек.	сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ сауда кредиттері бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Қысқамерзімді	Басқа да қысқамерзімді борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешек есебіне қысқамерзімді берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да қысқамерзімді борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа міндеттемелер. Басқа секторлар. Қысқамерзімді
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді.	Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары бойынша, сондай-ақ басқа да Ұзақмерзімді борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резиденттер алдындағы өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешек есебіне сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік бағдарламалары бойынша ұлғаю және азаю сомалары; Ұзақмерзімді берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да Ұзақмерзімді борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік бағдарламалары. Басқа секторлар. Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа міндеттемелер. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді.
Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек (Басқа секторлар)			
Шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелер	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бағам бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстанның тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелері.

«Қазақстан Республикасы сыртқы борышының стандартты көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандартты көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
Шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелер (кері инвестициялау)	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бағам бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстанның тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелері (кері инвестициялау).
Шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелер	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша шетелдік тел инвесторлар алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстан кәсіпорындарының шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелері.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен бекітілген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» 3-тармағына сәйкес.